



KazakhExport

**ҚАЗАҚСТАН
ЭКСПОРТЫНЫҢ
ІРГЕТАСЫ**

2018

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП



KazakhExport

Мемлекеттің экономикалық дәулеттілігін көптеген факторлар құрайды. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – өнімді басқа мемлекеттерге экспорттау болып табылады. Экспорттық өлеуетті қолдау қазақстандық экономиканың табысты дамуының іргетасы болып табылады. KazakhExport логотипінің графикалық символына салынған үш тік төртбұрыш осы іргетастың ең негізгі нышандарын – мемлекеттің кепілдіктерін, экспорттық қолдау жүйесінің тұрақтылығы мен біртұтастығын білдіреді.

Мазмұны

2018 жылдың негізгі оқиғалары •	2 •
Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы •	4 •
Басқарма Төрағасының жолдауы •	6 •
1. KazakhExport туралы •	8 •
2. Даму стратегиясы •	17 •
3. Қызметтің операциялық нәтижелері •	22 •
4. Қызметтің қаржылық нәтижелері •	38 •
5. Сатып алулар практикасы •	40 •
6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • ..	42 •
7. Корпоративтік басқару •	44 •
8. Тәуекелдерді басқару •	56 •
9. Кадр саясаты •	60 •
10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат •	63 •
11. Қайырымдылық және демеушілік •	64 •
12. Қаржылық есептілік •	65 •





2018 жылдың **НЕГІЗГІ** ОҚИҒАЛАРЫ

«Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына қарызды ерікті сақтандыру шартын кепілдің қатты түріне жатқызу жөнінде өзгеріс енгізу



Астана қаласына орын ауыстыру



Алматы қаласында өкілдік құру



2018 жылғы 21 мамырдағы № 2.1.55 лицензияны «жалпы сақтандыру» саясатында сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына қайта рәсімдеу



«Digital Baiterek» бірыңғай ақпараттық алаңын тәжірибелік пайдалануға енгізу



Сақтандыру қызметі туралы заңнаманың жаңа талапарына сәйкес KazakhExport-н Сақтандыру омбудсменінің Өкілдер кеңесіне енуі



«AZPROMO» әзірбайжандық экспорт пен инвестицияларды көтермелеу қорымен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қою



Таяу және қиыр шетел мемлекеттерінде тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің қазақстандық экспортын ілгері жылжыту мәселелері жөнінде тараптардың арасындағы өзара әрекеттестікті, уағдаластықты және іс-қимылдар үйлесімділігін күшейту мақсатында Сыртқы істер министрлігінің, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының және KazakhExport арасындағы Өзара түсіністік пен ынтымақтастық туралы Меморандумға және Бірлескен іс-шаралар жоспарына қол қою

Moody's-ң қаржылық сенімділік рейтингісін «Ваа3» «тұрақты» деңгейінде растау

Қазан және Сиань қалаларында өкілдер кеңселерін ашу

«Еуразиялық экономикалық бірігу» XIII Халықаралық конференциясының аясында KazakhExport пен «ЭКСПАР» Ресейлік экспорттық кредиттерді және инвестицияларды сақтандыру агенттігінің арасындағы қайта сақтандыру шартына қол қою

«Белгазпромбанк» ААҚ-мен Қазақстан Республикасы мен Беларусь Республикасы резиденттерінің арасында іске асырылатын сауда жобаларын қаржыландырудың Беларусь нарығы үшін мүлде жаңа құралын қарастыратын ортақ жобаларды іске асыру туралы келісімге қол қою

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауына сәйкес өңдеуші өнеркәсіп пен шикізаттық емес экспортты қолдауға көзделген 500 миллиард теңгенің шегінде KazakhExport қолдауға арналған қаражаттар қарастырылған

ҚХР тарихындағы алғашқы халықаралық импортталған өнім көрмесіне (China International Import Expo) қатысу





• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • **Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы** • Басқарма Төрағасының жолдауы • 1. KazakhExport туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы

Құрметті ханымдар мен мырзалар!

ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру үшін үкімет Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын әзірледі. Оның басты мақсаты – қазақстандықтардың әл-ауқатының ЭЫДҰ мемлекеттерінің деңгейіне көтерілуіне алып келетін экономиканың сапалы және тұрақты өрлеуіне қол жеткізу болып табылады.

Алға қойылған мақсатқа жетуге жағдай жасайтын жүйелі реформалардың бірі – бұл бәсекелі орта мен экспорттық әлеуетті дамытудың есебінен жеке меншік секторыды белсендіру. Отандық экономиканың әлеуеті мен дүниежүзілік саудада бәсекелі тауашадан орын алу мүмкіндігін ескеретін тиімді стратегияны жасап шығару мем-

лекеттің ұзақ мерзімді перспективада тұрақты дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2017 жылғы тамыз айында 2018-2022 жылдарға арналған «Қазақстан Республикасының ұлттық экспорттық стратегиясы» Бағдарламасы қабылданды. Оның табыстылығын анықтау үшін нақты көрсеткіш алынды: 2015 жылмен салыстырғанда 2022 жылға қарай шикізаттық емес қазақстандық экспорт көлемін бір жарым есе арттыру, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді өткізу және экспорттау нарықтарын әртараптандыру.

Осыған байланысты ең үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес құрылған «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ басты рөлді атқарады.

Ұлттық экспорттық стратегиясын іске асырудың аралық қорытындылары оң динамиканы көрсету-

де. 2018 жылдың қорытындылары бойынша шикізаттық емес тауарлар, жұмыстар және қызметтер экспорты \$22,9 млрд. құрады. Ағаш өңдеу өнеркәсібінде – 62%-ға, химия өнеркәсібінде – 22%-ға, машина жасау өнеркәсібінде – 19,3%-ға, азық-түлік өнеркәсібінде – 7,6%-ға көрсеткіштердің жоғарылағаны байқалды.

Экспорттау географиясы да кеңеюде. Қытай, Ресей, Еуроодақ мемлекеттері, Өзбекстан, Жапония, Түркия, Қырғызстан, БАӘ және Ауғанстан қазақстандық өңделген тауарларды өткізетін негізгі нарықтарға айналды. Бүкіл экспорттың шамамен 75%-ы осы мемлекеттердің үлесінде.

Сыртқы сауда мен экспорттың негізгі көрсеткіштері тұрақты өсіп келе жатыр. 2017 жылмен салыстырғанда Қазақстанның сыртқы сауда айналымы \$93,5 млрд-қа дейін 20%-ға жоғарылады, экспорт



шамамен 26%-ға өсіп, \$61 млрд-қа жуықтады. Дайын өнім экспорты 16%-ға немесе \$485 млн-ға өсті.

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша KazakhExport Қазақстанның барлық өңірлеріндегі 70 астам қазақстандық экспорттаушы-кәсіпорынға қолдау көрсетті. Олардың 27-і 2018 жылы KazakhExport қызметтерін пайдаланды. Атап айтқанда 300 астам сақтандыру шарты жасалды. Бұл 2017 жылмен салыстырғанда 1,5 есе жоғары. Әзірбайжан, Беларусь, Германия, Чехия, Грузия, Қытай, Моңғолия, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан сияқты мемлекеттерге машина жасау, металлургия, химия, азық-түлік және жеңіл өнеркәсіптерінің, агроөнеркәсіп кешенінің қазақстандық өнімдерін жеткізу бойынша \$1 млрд. астам сомаға экспорттау келісімшарттарына қолдау көрсетілді.

«Moody's Investors Service» агенттігі Қоғамның Қаржылық сенімділік рейтингісін «Ваа3» деңгейінде растады, қаржылық сенімділік рейтингісі бойынша болжам «тұрақты» деңгейінде сақталды. «Moody's» рейтингтік агенттігінің Компания рейтингісін Қазақстан Республикасының тәуелсіз рейтингісі деңгейінде растап отырғанына бірнеше жыл болғанын айта кету керек.

KazakhExport әлемнің ең ірі экспорттық-кредиттік агенттіктері енген «Берн одағының Прага клубы» және «Апан Union» сияқты халықаралық қоғамдастықтардың толық құқықты мүшесі болып табылады. Қоғамның Ресей Федерациясында, Өзбекстанда, Тәжікстанда және басқа мемлекеттерде ауқымды серіктестік желісі бар.

Экспортты мемлекеттік қолдау шаралары «KazakhExport» Ұлт-

тық компаниясының жұмысының тиімділігін арттыруға мүмкіндік берді және 2018 жылы 90 млрд. теңгеден астам мөлшерде сақтандыру міндеттемелерін қабылдауды қамтамасыз етті. Бұл көрсеткіш 2017 жылдың көрсеткішінен 2,2 есе артық болып тұр.

2019 жылы KazakhExport міндеттемелері бойынша мемлекеттік кепілдікті алудың және шикізаттық емес экспорт көлемдерін арттыру мақсатымен меншікті капиталды арттырудың есебінен Компанияны институционалдық дамыту жұмысын KazakhExport жалғастырады.

**Директорлар Кеңесінің Төрағасы,
Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің орынбасары
Ерболат Досаев**



• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы • **Басқарма Төрағасының жолдауы** • 1. KazakhExport туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

Басқарма Төрағасының жолдауы

Құрметті клиенттер, серіктестер және әріптестер!

Биылғы жыл біздің қызметіміздің жаңа кезеңінің бастауы болды. KazakhExport институционалдық даму, біздің құралдарымыздың көмегімен экспортты арттырған экспорттаушыларды қолдау көлемдерін өңдеуші сектор кәсіпорындарының санын кеңейту бойынша ауқымды жұмыс атқарды.

2018 жылы Қазақстанның барлық өңірлеріндегі 27 өндіруші-экспорттаушылар агроөнеркәсіптік кешен, жеңіл және азық-түлік өнеркәсібі, машина жасау, металлургия, химия өнеркәсібі сияқты салаларда KazakhExport қолдауын пайдаланды.

2018 жылдың қорытындылары бойынша KazakhExport қолдауымен іске асырылатын экспорттық келісімшарттардың жиынтық сомасы 370 млрд. теңгеден асып, 2017 жылмен салыстырғанда бір жарым есе өсті.

Бүгінгі таңда Қазақстанның барлық өңірлерінде біздің серіктестеріміз ірі компаниялар, сонымен қатар шағын және орта бизнес өкілдері болып табылады. Қазақстандық өндірушілердің өнімдері Әзірбайжанға, Арменияға, Беларуське, Германияға, Грузияға, Италияға, Қытайға, Қырғызстанға, Моңғолияға, Ресейге, Тәжікстанға, Түркіменстанға, Өзбекстанға, Жапонияға экспортталуда.

Біздің қолдауымызбен қазақстандық экспорттаушылар Словакиядағы теміржол құрылысының тендеріне қатысуда. Тағы бір кәсіпорын Қырғызстанда алтын шығаратын фабрика салу бойынша экспорттық келісімшартты жасасты. Жобаның аясында Қазақстанда өндірілген құрылыс материалдары мен құрал-жабдықтар: электр жабдықтары, металл конструкциялары, сэндвич-панельдер және т.б. қолданылатын болады.

2018 жылы біз шикізаттық емес экспортты қолдауға және жаңа



Ұлттық компания мәртебесінде біз өзіміздің өкілдік құру географиямызды кеңейтудеміз. KazakhExport жүргізген жұмыс халықаралық даму институттарымен және қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықты нығайтуға, сондай-ақ Ресейде, Тәжікстанда, Өзбекстанда серіктестер санын көбейтуге мүмкіндік берді. Бұл экспорттық жобаларға барлық іске асыру кезеңдерінде біздің қолдау көрсетуімізді қамтамасыз етеді.

2018 жылы KazakhExport Даму стратегиясына сәйкес Қазан қаласында Татарстанда ғана емес, жалпы Поволжье өңірінде жұмыс істейтін алғашқы шетелдік өкілдік ашылды. Сонымен қатар, Ресейдің шекара маңы

өңірлерінде, сондай-ақ Орталық Азия мемлекеттерінде өкілдіктер желісін ашу бойынша жұмыс басталды.

«KazakhExport» Экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ жүктелген міндеттерді ескере отырып, 2019 жылы Қоғам Жалғыз Акционер – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ-мен және Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп клиенттік базаны кеңейту, сондай-ақ Қазақстан мен қиыр және таяу шетел мемлекеттерінде серіктес-банктер желісін дамыту жұмыстарын жалғастырады.

Біздің клиенттеріміз бен серіктестерімізге жемісті ынтымақтастығы үшін алғыс білдіремін,

қаржылық тұрақтылығы сақталып, өркендеудің шыңына жетсін деп тілеймін!

**«KazakhExport» Экспорттық сақтандыру компаниясы»
АҚ Басқарма Төрағасы
Руслан Исаков**



«Изумрудный квартал»

Нұр-Сұлтан қаласындағы әкімшілік кешен. «Изумрудный квартал» ғимаратының биіктігі 37 және 49 қабатты құрайды. 49 қабатты ғимараттың биіктігі – 201 метр!

01

«Изумрудный квартал» сәулеті көптеген бірегей ерекшеліктерге ие: 32 қабаттан бастап, әрбір келесінің ауданы арта түседі. Осылайша

ғимарат жоғарғы бөлігі 9 метрге ауытқи отырып ассиметриялы пішінге ие болады.

Ең биік ғимараттың салмағы – 186 мың тонна.

Оның негізінде бұрғылы-қадалмалы қадалар және қалыңдығы шамамен 3 метрді құрайтын іргетас тақтасы бар. Кешен концепциясы әлем бойынша әйгілі сәулетші Рой Варакаллимен және «Базис» Жобалық институтымен бірлесе отырып, Zeidler Partnership Architects (Канада) фирмасымен әзірленген

KazakhExport

туралы





• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы • Басқарма Төрағасының жолдауы
 • 1. **KazakhExport** туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

«**KazakhExport**» Экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – **KazakhExport**) – бұл экспорттау операцияларын қорғаудың сақтандыру құралдарын іске асы-

ру арқылы қазақстандық экспортты қолдау үшін құрылған ұлттық институт. **KazakhExport** шикізаттық емес сектордың экспорттаушы кәсіпорындарының сыртқы экономикалық келісімшарттарын

іске асыруды сүйемелдейтін коммерциялық және саяси тәуекелдерді сақтандыру қызметтерін ұсынады.

Экономи-
каның басым
секторларында
шикізаттық емес тауар-
лар, қызметтер, жұмыстар
экспортының өсуін қолдау және
қазақстандық кәсіпорындарға
қаржылық-сақтандыру және
қаржылық емес қолдау
көрсету тәжірибесін
қалыптастыру

Миссиясы

Орталық-Азия өңірінде
және Еуразиялық
экономикалық одақ
мемлекеттерінде мемлекеттік
сыртқы экономикалық саясатты
іске асыруда негізгі даму
институтына айналу

Пайымы



• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы • Басқарма Төрағасының жолдауы
• 1. **KazakhExport туралы** • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

KazakhExport қысқаша тарихы

2003 жыл

KazakhExport құру (Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 442 Қаулысы)

2010 жыл

Экспорттық саудалық қаржыландыру операцияларын қолдау мақсатымен жарғылық капиталды көбейту

2005–2018 жыл шілде айы

Сақтандыру нарығында пропорционалдық негізде де, пропорционалдық емес негізде де қайта сақтандыру ұйымы ретінде әрекет жасау

2013 жыл

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (Жалғыз акционер) құрамына кіру

2014 жыл

Ислам және Араб әлемі мемлекеттерінің ең ірі экспортты-кредиттік агенттіктерінің қоғамдастығы - Aman Union-ға кіру

2004 жыл

Берн одағының Прага клубына – Ең ірі халықаралық экспорттық-кредиттік агенттіктер қоғамдастығына ену (37 агенттік, 34 мемлекет және 3 трансұлттық ұйым)

«Moody's Investors Service» рейтингтік агенттігінің халықаралық қаржылық тұрақтылық рейтингісін беруі

2012 жыл

Қазақстанның тарихында алғашқы рет KazakhExport қаржылық-сақтандыру қолдауымен Тәжікстан Республикасына отандық локомотивтерді экспорттау жүзеге асырылды

2015 жыл

1934 жылы құрылған және экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандырумен айналысатын сақтандыру компанияларының ресми емес бірлестігі болып табылатын Берн одағының Бақылаушысы мәртебесін беру

Қазақстанның тарихында алғашқы рет KazakhExport қатысуымен 10 отандық локомотивті Әзірбайжан Республикасына жеткізу бойынша лизингтік қаржыландыру кестесіне сәйкес халықаралық деңгейдегі бірінші экспорттық мәміле жасалды



• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы • Басқарма Төрағасының жолдауы
 • 1. **KazakhExport** туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

2016 жыл

Сақтандыру арқылы қолдау құралдарының желісін кеңейту: қарыздарды ерікті сақтандыру, аванстық төлемді сақтандыру, ұлттық валютамен және ресей рублімен саудалық қаржыландыру, сондай-ақ қаржы лизингін сақтандыру

KazakhExport-ты 14 млрд. теңге сомасына капиталдандыру, қаржы құралдары экспорт алды және экспорттық саудалық қаржыландыру құралдарын өткізу арқылы экспорттаушыларға қолдау шараларын көрсетуге арналған

«Қарыздарды сақтандыру», «ГПО сақтандыру» қосымша сақтандыру топтары бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің лицензиялары алынды, сондай-ақ экспортты қолдау ережелері әзірленді және қарыздарды ерікті сақтандыру, аванстық төлемді сақтандыру, экспорт алды қаржыландыру, лизингті сақтандыру сияқты жаңа құралдары енгізілді

2017 жыл

Қаржылық тұрақтылықты қолдау және ұсынылатын қолдау көлемдерін арттыру мақсатымен 13,9 млрд. теңге сомасына капиталдандыру

«ҚазЭкспортГарант» экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» АҚ-ын «KazakhExport» Экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ-на өзгерту және ұлттық компаниялар тізбесіне енгізу

2014-2023 жылдарға арналған «KazakhExport» Даму стратегиясын Қазақстан Республикасының Ұлттық экспорттық стратегиясына сәйкес өзекті ету

Moody's-ң «Баа3» қаржылық сенімділік рейтингісі бойынша болжамды «жағымсыз» болжамнан «тұрақты» болжамға дейін жақсарту

2018 жыл

2018 жылғы наурыз айында Астана қаласындағы KazakhExport-ты жаңа мекенжай бойынша орнын ауыстыру: Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 55 А, «Бәйтерек» БО

Алматы қаласында өкілдік құру

2018 жылғы 21 мамырдағы № 2.1.55 лицензияны «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына қайта рәсімдеу


2018 жылғы қыркүйек айында сақтандыру қызметі туралы заңнаманың жаңа талаптарына сәйкес KazakhExport-ң Сақтандыру омбудсменінің Өкілдер кеңесіне енуі

Қазан және Сиань қалаларындағы шетелдік өкілдердің жұмыстарын бастау

«Digital Baiterek» бірыңғай ақпараттық алаңын тәжірибелік пайдалануға енгізу

Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы Жолдауына сәйкес өңдеуші өнеркәсіп пен шикізаттық емес экспортты қолдауға KazakhExport-ты қолдау үшін 500 миллиард теңгенің шегінде қаражаттар қарастырылған

Бизнес-модель






Экспорттаушы және импорттаушы
төлемді кейінге қалдыру мүмкіндігі
бар келісімшарт жасасады



Экспорттаушы KazakhExport – қа
сақтандыруға өтініш береді



KazakhExport өтінімді
қарайды және
экспорттаушымен
сақтандыру шартын
жасасады



Экспорттаушы тауарларды
жеткізеді және сақтандыру
сыйлықақысын төлейді




Егер импорттаушы алған
тауарды төлемесе, KazakhExport
экспорттаушының шығындарын
өтейді

KazakhExport
САҚТАНДЫРУ
 ТӘРТІБІ*

* Экспорттаушының кредитін сақтандыру құралының мысалы

Біздің ар- тықшылықтарымыз

- ◆ Төлемді кейінге қалдыру шарттарымен экспорттау мүмкіндігі немесе төлемді кейінге қалдыру шарттарымен экспорттық сатылымдар көлемін арттыру
- ◆ KazakhExport сақтандыру арқылы қорғауы бар болған жағдайда кредит беру мүмкіндіктерін кеңейту және шарттарын жақсарту, себебі KazakhExport сақтандыруы банктік кредиттер бойынша қамсыздандыру болып табылады
- ◆ Экспорттық келісімшарт бойынша міндеттемелерді орындау шетелдегі контрсеріктестікке байланысты болмайтын саяси сипаттағы сақтандыру жағдайы басталған кездегі залалды азайту
- ◆ Төлемге тәуекелдерін азайту, себебі кепілді қамсыздандыру болған жағдайда да тәуекел толығымен жойылмайды
- ◆ Жаңа нарықтарға «қауіпсіз кіру» стратегиясына арналған тиімді құрал
- ◆ Шетелдегі қазақстандық инвестицияларды саяси тәуекелдерден қорғау
- ◆ Анықталған экспорттық тәуекелдерге негізделген стратегиялық жоспарлау
- ◆ Экспорттық кредиттерді сақтандыру процедурасы көп жағдайда аккредитивті ашуға қарағанда аз шығын жұмсауды талап етеді
- ◆ Экспорттық кредиттерді сақтандыру факторингтік операцияларға қарағанда арзанырақ болып табылады




Қолдау құралдары

KazakhExport көпшілік қабылдаған сақтандыру практикалары арқылы отандық өндірушілер өнімінің экспортын қолдайтын жалғыз сақтандыру ұйымы болып табылады және отандық тауарларды өндіру кезеңінен бастап оны сыртқы нарықтарда іске асырғанға дейін кәсіпкерлерді қолдайтын маңызды буын болып табылады.

Мемлекеттік даму институты ретіндегі KazakhExport қызметі, бірінші кезекте, тауарларды, қызметтерді және инвестицияларды шетелге ұлттық экспорттауды қолдау үшін коммерциялық және саяси тәуекелдерді жабу қажеттігіне және мүмкіндігіне негізделеді.

KazakhExport экспорттық кредиттерді сақтандыру саласындағы ең үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес әзірленген, сондай-ақ әлеуетті және қазіргі клиенттің қажеттіліктеріне барынша сәйкес келетін ұлттық экспортты қолдаудың сақтандыру құралдарын ұсынады.



ЭКСПОРТТАУШЫ



**ҚАРЖЫ
ИНСТИТУТЫ**



ИНВЕСТИТАУШЫ

№	Өнімнің атауы	Өнімнің қысқаша сипаттамасы	Өтелетін тәуекелдер
1	Экспорттаушының кредитін сақтандыру	Өнім экспорттаушыға шетелдік контрагенттің өз тауарын/жұмысын/қызметін төлемді кейінге қалдыру шартымен экспортқа өткізуі кезінде қаржылық міндеттемелерді орындамау тәуекелінен қорғауды ұсынады.	Коммерциялық және саяси
2	Қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру	Өнім экспорттаушыларды (сондай-ақ оларға қаржыны ұсынатын банктерді) шетелдік сатып алушылардың төлемге тәуекелінен қорғауға арналған. Бұл өнімде экспорттаушы жоспарлаған сауда айналымын сақтандыра алады.	Коммерциялық және саяси
3	Экспорт алды қаржыландыру	Экспорттық өнімді өндіру мақсатымен айналым қаражаттарының орнын толтыруға экспорттаушыны қаржыландыру немесе экспорттауға жұмыстар мен қызметтерді орындау.	Коммерциялық және саяси
4	Аванстарды сақтандыру	Өнім экспорттық өнімді өндіру мақсатымен айналым қаражаттарының орнын толтыру үшін қажетті шетелдік контрагенттерден аванстық төлемдер түріндегі баламалы қаржыны алу немесе экспорттауға жұмыстар мен қызметтерді орындау мүмкіндігін ұсынады.	Коммерциялық және саяси
5	Облигациялар бойынша экспорттаушылардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	Экспорттаушылар шығарған облигацияларды ұстаушыларды дефолт тәуекелінен қорғау.	Коммерциялық және саяси
6	Құжаттық аккредитивтерді сақтандыру	Өнім экспорттаушының банкіне (расташы банкке) импорттаушының тапсырмасы бойынша экспорттаушының пайдасына құжаттық аккредитивті ашқан банк-эмитенттің қаржылық міндеттемелерді орындамау тәуекелінен қорғауды ұсынады.	Коммерциялық және саяси

№	Өнімнің атауы	Өнімнің қысқаша сипаттамасы	Өтетін тәуекелдер
7	Экспорттық саудалық қаржыландыру	Қаржыландыру есеп айырысулардың аккредитивті нысаны шегінде екінші деңгейдегі банктер арқылы жанама түрде ұсынылады.	Коммерциялық және саяси
8	Қарыздарды сақтандыру	Өнім кепілзаттық қамсыздандыру жеткіліксіз және/немесе кредитор мәміле бойынша тәуекелді толық көлемде қабылдауға дайын емес болған жағдайда қарыз капиталына қол жеткізуге рұқсат алу мүмкіндігін береді.	Коммерциялық және саяси
9	Қаржы лизингін сақтандыру	Өнім кепілзаттық қамсыздандыру жеткіліксіз және/немесе лизинг беруші мәміле бойынша тәуекелді толық көлемде алуға дайын емес болған жағдайда лизингтік өнімдерге қол жеткізуге рұқсат алу мүмкіндігін ұсынады.	Коммерциялық және саяси
10	Банктік төлем кепілдігін сақтандыру	Өнім халықаралық тендерлерге қатысушыларға шетелдік қаржы институттары тарапынан растау алу шартсыз Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері шығарған банк кепілдіктерін ұсыну мүмкіндігін береді.	Коммерциялық және саяси
11	Банк кепілдіктерін сақтандыру	Өнім қаржы институттарына шетел банкінің міндеттемелерді орындамау тәуекелінен қорғауды ұсынады.	Коммерциялық және саяси
12	Экспорттаушының жедел валюталық мәмілелер бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру	Банктерге экспорттаушылардың валюталық жедел келісім-шарттар бойынша міндеттемелерін орындамау тәуекелінен сақтандыру арқылы қорғауды ұсыну.	Коммерциялық және саяси
13	Халықаралық факторингті сақтандыру	Факторингтік операциялар бойынша қаржы ұйымын шетелдік контрагенттердің өз келісімшарттық міндеттемелерін орындамау тәуекелінен сақтандыру арқылы қорғау.	Коммерциялық және саяси
14	Шетелдегі қазақстандық инвестицияларды сақтандыру	Өнім қазақстандық инвесторға инвестициялау мемлекетіндегі саяси тәуекелдердің салдарынан залал келтіру тәуекелінен қорғауды ұсынады.	Саяси






Қожа Ахмет Яссауи кесенесі

Түркістан облысының Түркістан қаласында орналасқан ақын және уағыздаушы Қожа Ахмет Яссауидің қабірінің кесенесі.

02

Бүгінгі таңдағы кесене ол қайтыс болғаннан кейін 233 жылдан соң Әмір Темірдің бұйрығы бойынша тұрғызылды. 1395 жылы Әмір Темір Алтын Орданың билеушісі Тоқтамыс ханды жеңіп, орданың астанасы Сарай-Беркені өртеді. Осы жеңістің құрметіне қолбасшы Қожа Ахмет Яссауидің ескі кесенесінің орнына жаңа, үлкен мемориалды кешенді тұрғызуға бел буды

Даму стратегиясы



Елбасының тапсырмасына сәйкес 2018-2022 жылдарға арналған «ҚР Ұлттық экспорттық стратегиясы» Үкіметтік бағдарламасы (Ұлттық экспорттық стратегия, ҰЭС) әзірленді. ҚР Ұлттық экспорттық стратегиясының мақсаты 2022 жылға қарай шикізаттық емес экспорт көлемін 1,5 есе (2015 жылдың деңгейімен салыстырғанда), және 2025 жылға қарай екі есе арттыру, сондай-ақ тауарлар мен қызметтерді өткізу және экспорттау нарықтарын әртараптандыру үшін жағдай жасау болып табылады.

KazakhExport стратегиясы экономиканың шикізаттық емес секторындағы экспорттық-бағытталған қызметтің өзінің де, экспортты қолдау көлемдерін де ЖІӨ 1% деңгейіне дейін күтілетін өсуі

жағдайында даму бағыттарын анықтайды. KazakhExport, бір жағынан, экспорттаушылар саны мен шикізаттық емес экспорт көлемдерінің өсуіне себеп болуға және, екінші жағынан, көрсетілетін қолдау көлемдері артқан жағдайда өсіп келе жатқан клиенттік база талаптарына ұйымдық түрде сай болуға тиіс.

KazakhExport дамуының стратегиялық бағыттарына экспортты қолдау құралдарын жетілдіру, экспорттаушылар санын көбейту үшін жағдай жасау және операциялық тиімділікті арттыру жатады.

KazakhExport өзінің негізгі қызметінің аясында өңдеуші сектордың экспорттаушы кәсіпорындарына және екінші деңгейдегі банктерге сыртқы

сауда операциялары кезінде төлемеу тәуекелінен сақтандыру арқылы қорғауды ұсынады және экспорттау мәмілелерінің қауіпсіздігіне кепілдік береді.

Экспорт саласындағы негізгі саясаттың басты мақсаты экспорттау себетін әртараптандыру және шикізаттық емес экспорттың озық қарқынмен өсуін қамтамасыз ету болып табылады.


Ұлттық экспорттық стратегияның міндеттерін ескерсек, KazakhExport-ң басты стратегиялық мақсаттары қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттар көлемін арттыру және қаржылық қолдауға ие болған экспорттаушылар санын мақсатты шамаларға дейін көбейту болып табылады.

Қаржылық қолдауға ие болған экспорттаушылар саны төмендегілердің есебінен өсуі мүмкін:




1

Өңірлерде жұмыс істеп тұрған және әлеуетті экспорттаушыларды тарту



2

Шетелдік өкілдіктер арқылы бизнес – байланыстарды ұйымдастыру



3


Танымалдылықты және KazakhExport қызметі туралы ақпараттылықты арттыру

Өз кезегінде, қолдау көрсетілген әр экспорттаушыға шаққанда экспорттық мәмілелер саны төмендегілердің есебінен көбеюі мүмкін:



1

Экспорттаушыларға арналған бірыңғай Интернет-ресурсты құру (Digital Baiterek)



2

Кредит беру және сақтандыру қызметтерінің құнын арзандату



3

Бизнес-үдерістерді автоматтандырудың есебінен тиімділікті арттыру

Басты стратегиялық көрсеткіштер

Экспорттық
келісімшарттардың сомасы



420 млрд
теңге

Қабылданған сақтандыру
міндеттемелерінің көлемі



90,2 млрд
теңге

KazakhExport қолдау құралдарын
пайдаланатын кәсіпорындардың
экспорттық түсім көлемі



104,5 млрд
теңге

Экспорттық
келісімшарттар саны



334 бірл.

Қолдау алған кәсіпкерлік субъектілері
өндірген өнім көлемі



157,8 млрд
теңге

Активтердің
өтімділігі



3,3 %

№	Басты қызмет көрсеткіші	Өлш. бірл.	Нақты 2018 ж.	Жосп. 2019 ж.	Жосп. 2020 ж.	Жосп. 2021 ж.
1	Экспорттық келісімшарттардың сомасы	млрд теңге	420	250	300	350
2	KazakhExport қолдау құралдарын пайдаланатын кәсіпорындардың экспорттық түсім көлемі (2014 ж. бастап жинақталған түсіммен бірге)	млрд теңге	104,5	149,3	199,0	248,8
3	Қабылданған сақтандыру міндеттемелерінің көлемі	млрд теңге	90,2	95,0	125,0	155,0
4	KazakhExport қолдауын алғашқы рет алған экспорттаушылардың саны	бірл.	27	20	20	20
5	Қолдау алған кәсіпкерлік субъектілері өндірген өнім көлемі (2014 ж. бастап жинақталған түсіммен бірге)	млрд теңге	157,8	149,3	199,0	248,8
6	Экспорттық келісімшарттар саны	бірл.	334	318	328	338
7	ROA	%	3,3	1 кем емес	1 кем емес	1 кем емес

Стратегиялық бағыттар бойынша жұмыс нәтижелері

1-стратегиялық бағыт. Экспортты қолдау құралдарын жетілдіру

Осы бағыттың мақсаты отандық экспорттаушыларды қаржылық және сервистік қолдау шараларын жетілдіру болып табылады. Бұл бағыттар жаңа сақтандыру міндеттемелерін қабылдау және KazakhExport қызметін кеңейту аясында қаржылық тұрақтылықты қолдауға бағытталған.

«2019-2021 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 30 қарашадағы Заңына

сәйкес 2019 жылғы наурыз айында KazakhExport 34 млрд теңгеге капиталдандырылды.

Мемлекеттік кепілдікті ұсыну мақсатында KazakhExport Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне экспортты қолдауға арналған сақтандыру төлемдері бойынша мемлекеттік кепілдікті ұсыну туралы түзетулер пакетін әзірледі және ол 2019 жылғы сәуір айында күшіне енді.

Сонымен қатар, 2018 жылы «Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына өзгерістер енгізілді.

2-стратегиялық бағыт. Экспорттаушылар санын көбейту үшін жағдай жасау

Бұл бағыттың мақсаты KazakhExport-тің танымалдылығын және ол туралы ақпараттылықты арттыру, сондай-ақ шағын және орта бизнес пен басым салаларға шоғырлана отырып, өңірде және шетелде болу арқылы экспорттаушыларға қаржылық қолдау көрсету көлемдерін өсіру болып табылады.

2018 жылы KazakhExport-тің шетелдік өкілдіктердің төрт штаттық бірлігі қарастырылған және Қазан қаласы мен Сиань қаласында өкілдер кеңселері ашылған жаңа редакциядағы ұйымдық құрылымы бекітілді.

Былтырғы жылы әлеуетті шетелдік импорттаушылар мен қазақстандық тауар өндірушілердің бизнес-байланыстарын ұйымдастыру бойынша іс-шаралар өткізілді.

2018 жылғы сәуір-мамыр айларында Өзбекстан банктерімен кездесулер және Қырғызстандағы жеке меншік компаниялармен келіссөздер жүргізілді. Сонымен қатар KazakhExport Сыртқы сауда

палатасымен бірлесіп, Әзірбайжанда сауда миссиясын ұйымдастырды.

KazakhExport Қазақстанда жүргізлетін халықаралық бизнес-форумдардың алаңдарында отандық экспорттаушылар мен шетелдік серіктестердің арасындағы бизнес-байланыстарды кеңейту бойынша іс-шараларды жүргізді (АЭФ, II Қазақстандық-американдық бизнес-форум, Қазақстандық-польшалық бизнес-форум, АХҚО ашу және т.б.).

2018 жылғы қыркүйек айында Сыртқы сауда палатасымен бірлесіп Минск қаласы мен Мәскеу қаласына сауда миссиясы ұйымдастырылды. Беларусьтің, Ресей Федерациясының банктерімен бірқатар кездесулер өткізілді және аталған банктердің клиенттері бойынша экспорттық саудалық қаржыландыру жөнінде ынтымақтасу мүмкіндігі жөнінде келіссөздер жүргізілді.

2018 жылғы қыркүйек айында Сыртқы сауда палатасының шақыруы бойынша KazakhExport Сиань

қаласындағы (ҚХР) KazakhExport қаржылық құралдарын пайдаланып, қазақстандық тауарларды экспорттау мүмкіндіктерін қарастырылған Сауда-экономикалық миссиясына қатысты.

2018 жылғы қазан-қараша айларының ішінде KazakhExport Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.Ә. Сағынтаевтың Әзірбайжан мен Ресей Федерациясының өкілдерімен екі жақты кездесулеріне қатысты. Аталған кездесулердің аясында KazakhExport-тің Әзірбайжан Республикасына локомотивтерді жеткізу жобаларына қатысу мүмкіндігі туралы материалдар ұсынылды.

2018 жылғы қараша айында KazakhExport Еуразиялық даму банкі ұйымдастырған жыл сайынғы конференцияға қатысты. Бұл конференцияда ЭКСАР экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі Ресей агенттігімен қайта сақтандыру туралы шарт жасалды.

Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (бұдан әрі - ҰКП) қолданыстағы инфрақұрылымының негізінде еліміздің 14 облыс орталығында, сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларында ҰКП қызметкерлері KazakhExport өнімдері бойынша оқу семинар-

ларынан өткізілді. Оқу семинарларынан өткен қызметкерлердің жалпы саны 61-ге жетті.

«ДАМУ» КДҚ» АҚ мен «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ серіктестерінің қолданыстағы инфрақұрылымының негізінде барлық 14 облыс орталығында,

сондай-ақ Астана, Алматы және Шымкент қалаларында серіктес компаниялардың қызметкерлері KazakhExport өнімдері бойынша оқу семинарларына қатысты. Оқу семинарларынан өткендердің жалпы саны: «ДАМУ» КДҚ» АҚ – 99 қызметкер, «Аграрлық кредиттік корпорация» АҚ – 78 қызметкер.

3-стратегиялық бағыт. Операциялық тиімділікті арттыру

Бұл бағыттың мақсаты адами капиталды дамыту, инновациялық технологияларды енгізу және бизнес-үдерістерді автоматтандыру, сондай-ақ қазақстандық экспорттаушыларды қолдаудың бірыңғай порталын іске асыру арқылы «бір терезе» қағидасы бойынша қаржылық қызметтерді көрсету арқылы KazakhExport ішкі үдерістерін жетілдіру болып табылады.

2018 жылы KazakhExport қызметкерлерінің Словения Республикасындағы Любляна қаласындағы SME Specialist Meeting 2018 қатысуы ұйымдастырылды. Сонымен қатар олар Иорданиядағы Амман қаласында «Кредиттік ақпаратты жинау және Сатып алушының андеррайтингі» тренингісінен өткізілді.

Одан басқа, «Экспорттаушының дебиторлық берешегін сақтан-

дыру, саудалық/экспорт алды қаржыландыру бойынша сый-ақы мөлшерлемесін субсидиялау әдістері. Кредиттік тәуекелдерді бағалау әдістемелері» тақырыбына ЭКСАР экспорттық кредиттер мен инвестицияларын сақтандыру бойынша оқыту ұйымдастырылды (Мәскеу қ., Ресей).

KazakhExport жаңа ұйымдық құрылымының аясында фронт-кеңсе қызметкерлерінің үлесі 17 адамнан 26 адамға дейін көбейтілді. Қазақстанның әр өңіріне экспорттаушылармен коммуникацияларды құру үшін «Тарту» бағыты бойынша Сақтандыру департаментінің бас менеджерлері бекітілді. Экспорттаушылармен, жергілікті атқарушы органдармен, ҰКП-мен, сондай-ақ екінші деңгейдегі банк филиалдарымен байланыстар мен қарым-қатынастарды орнату үшін

басқарылатын өңірлерге өңірлік менеджерлердің жүйелі түрде баруы ұйымдастырылды.

ЭКСАР Экспорттық кредиттер мен инвестицияларды сақтандыру жөніндегі Ресей агенттігімен KazakhExport қызметкерлерін тағылымдамадан өткізу жөніндегі келісімдер туралы және серіктес-мемлекеттермен (Польша, Ресей, БАӘ) халықаралық тағылымдамалар аясында қызметкерлермен алмасу бойынша ынтымақтастыққа қатысты келіссөздер жүргізілуде.

Кәсіпкерлерге барлық деңгейлерде бір терезе қағидасы бойынша кешенді қолдау көрсетуді қалыптастыру мақсатында «Digital Baiterek» бірыңғай ақпараттық алаңы тәжірибелік қолданысқа енгізілді.

Осы алаң шегінде KazakhExport экспорттаушыларды қолдаудың 6 шарасын іске асыруда:



KazakhExport операциялық тиімділігін арттыру үшін 2018 жылы 50 есептеме автоматтандырылды, сондай-ақ 1С бухгалтерлік ақпараттық жүйе шегінде қосымша

модульдер әзірленді. Сонымен бірге, 1С-ті барлық сақтандыру ұйымдарының есептілігіне арналған PrSO автоматтандырылған ақпараттық жүйесімен біріктіру бойын-

ша жұмыс жүргізілді. Біріктіру Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне ұсынылатын KazakhExport жүйелі есептерін құруды автоматтандыруға мүмкіндік берді.



Нұрлы-Тау бизнес орталығы

Алматы қаласының іскерлік бөлігінде орналасқан жалпы ауданы 8 гектардан асатын заманауи әкімшілік-тұрғын үй кешені.

03

«Нұрлы-Тау» көп салалы кешені Алматының сәулетті доминантты әкімшілік орталығы және Қазақстан аумағындағы ірі қоғамдық орталығы болып табылады. Hi-Tech стилінде орындалған кешеннің бірегей сәулеті Іле Алатау тауларының бейнесін қайталап тұрғандай. Осындай нәтижеге қол жеткізу үшін сұр-көк түсті арнайы шыңдалған жарықты шағылыстыратын әйнек қолданылған

Қызметтің операциялық нәтижелері





• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы • Басқарма Төрағасының жолдауы • 1. KazakhExport туралы
• 2. Даму стратегиясы • **3. Қызметтің операциялық нәтижелері** • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы
• 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр саясаты
• 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

Қазақстан Республикасында сақтандыру қызметін уәкілетті органның сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар заңды тұлғалар жүзеге асырады.


2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру нарығының құрылымын 29 компания құрайды¹.

Бұл ретте көптеген сақтандыру ұйымдарының «Жалпы сақтандыру» саласында сақтандырудың барлық сыныптары бойынша лицензияларының бар болғанына қарамастан, олар төлемеу тәуекелдерінен экспорттық кредиттер мен шетелге инвестицияларды сақтандыруды жүзеге асырмайды. Бұл функцияларды Қазақстан нарығында тек қана KazakhExport жүзеге асырады.

KazakhExport қызметі сақтандыру арқылы қолдау құралдарын іске асыру арқылы мемлекеттің шикізаттық емес экспортын дамытуға бағытталған. KazakhExport қызметіне әсер ететін негізгі макроэкономикалық көрсеткіш экономиканың өңдеуші секторының өнімін экспорттау болып табылады.

2016-2019 жылдар ішіндегі Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының құрылымы

Сақтандыру секторының институционалдық құрылымы





• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы • Басқарма Төрағасының жолдауы • 1. KazakhExport туралы
• 2. Даму стратегиясы • **3. Қызметтің операциялық нәтижелері** • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы
• 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр
саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

Сақтандыру қызметінің негізгі көрсеткіштері

KazakhExport-ң құралдар желісін дамыту және екінші деңгейдегі банктер мен даму институттарын ынтымақтастыққа тарту бойынша жүргізген жұмысының арқасында 2018 жылы KazakhExport Қазақстанның барлық өңірлерінде 50 астам өндіруші-экспорттаушыға қолдау көрсетті, олардың

ішінде 27 кәсіпорын осы қолдауға алғашқы рет ие болды.

Қызметін бастаған күннен бері машина жасау, металлургия, химия, азық-түлік және жеңіл өнеркәсіп, агроөнеркәсіптік кешен (етті қайта өңдеу, жұмыртқа шығару, көкөніс өндіру және т. б.) сияқты

салаларды жалпы 65 кәсіпорынға KazakhExport қолдау көрсетті.

Жалпы алғанда, 2014 жылдан бастап ағымдағы уақытқа дейінгі кезеңнің ішінде KazakhExport-ң қазақстандық тауарларды экспорттаушыларға көрсететін қолдау көлемі артып келе жатыр.

Көрсеткіштердің атауы	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Қабылданған міндеттемелер көлемі (млн теңге)	19 578	40 087	90 197
Сақтандыру шарттары бойынша сыйлықақылар көлемі (мың теңге)	638 492	1 060 186	2 119 505
Қолдау көрсетілген экспорттық келісімшарттар сомасы (млн теңге)	126 650	196 137	419 778
Ұсынылған саудалық қаржыландыру көлемі (млн теңге)	808	2 454	10 265*
Ұсынылған экспорт алды қаржыландырудың көлемі (млн теңге)	470	4 803	6 911
Қолдау көрсетілген өндірушілердің саны	27	42	27 (жаңа)
Сақтандыру шарттарының саны	123	203	334
Сақтандырылған экспорттық жөнелтімдер саны	1 193	1 859	1 935
Шетелдік сатып алушылар саны	96	108	191

* қосымша ТҚ бойынша жобалар ЕДБ есебінен 2,2 млрд теңге сомасына қаржыландырылды

Экспорт қолдауының өсуі

2,2 есе
2017 жылмен салыстырғанда

420 млрд теңге
Экспорттық келісімшарттарға қолдау көрсетілді



• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы • Басқарма Төрағасының жолдауы • 1. KazakhExport туралы
• 2. Даму стратегиясы • **3. Қызметтің операциялық нәтижелері** • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы
• 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

2018 жылдың ішінде экспортқа көрсетілген сақтандыру қолдауының көлемі 2017 жылмен салыстырғанда 2,2 еседен астам мөлшерге көбейтілді. Бұл ретте 2018 жылдың ішінде жалпы сомасы 420 млрд теңгені құрайтын 334 экспорттық келісімшартқа қолдау көрсетілді. Бұл көрсеткіш 2017 жылдың осындай көрсеткішінен 2,1 есе артық болып тұр.

Сақтандырылған экспорттық жеткізілімдер, шетелдік импорттаушы-контрагенттер және жасалған сақтандыру шарттары саны өсуде. 2018 жылдың ішінде KazakhExport 191 шетелдік импорттаушы-контрагенттердің мекенжайына жасалған 1 935 экспорттық жөнелтімді сақтандырды. Келіп түскен 477 өтініштің 328-і бойынша сақтандыру шарттары жасалды.

2018 жылы KazakhExport қолдауымен қазақстандық өндірушілердің өнімі Ресей, Қытай, Жапония, Италия, Германия, Беларусь, Қырғызстан, Әзірбайжан, Грузия, Армения, Тәжікстан, Өзбекстан, Түркменстан, Моңғолия сияқты мемлекеттерге экспортталды.


2018 жылы өңдеуші өнеркәсіптің келесі салаларының кәсіпорындары қаржылық-сақтандыру қолдауына ие болды:

◆ **Машина жасау** (Қайнар-АКБ, Кентау және Орал трансформаторлық зауыттары, Са-
рыарқаАвтоӨнеркәсіп, Hyundai Trans Auto Қазақстан, КЭМОНТ, KARLSCRONA);


Шымкентмай, EXPO FOOD, Айсберг ПВ, Юникс, Орал құс фабрикасы);

◆ **Химия саласы** (Полимер Продакшн, HILL CORPORATION), барлығы ірі және шағын-орта бизнесті білдіретін 42 өндірістік кәсіпорын мен қызметтерді экспорттаушы.

Экспорттық келісімшарттар сомасы мен қабылданған сақтандыру міндеттемелері көлемінің серпіні (млн тг)




Келіп түскен өтініштер мен жасалған сақтандыру шарттары санының серпіні (бірлікпен)



2018 жылы қабылданған
міндеттемелердің көлемі
жөніндегі әр экспорттау өңірі
бойынша мәліметтер

ЖИЫНЫ
90,197
млрд тг
100,0%






ҚЫЗМЕТТЕР / ЖҰМЫСТАР ЭКСПОРТЫ

Міндеттемелер
көлемі

17 102
млн тг



Экспорттық келісім-
шарттар сомасы

62 319
млн тг

Integra Construction KZ
Казгипроцветмет
AAEngineering
Омас Интегрейted

KazakhExport-ң 2018 жылдың ішінде қолдау көрсеткен басым секторлары

ЖИЫНЫ

Міндеттемелер көлемі

90 197
млн тг

Экспорттық
келісімшарттар сомасы

419 778
млн тг

АЗЫҚ-ТҮЛІК ӨНЕРКӘСІБІ

Міндеттемелер
көлемі

33 722
млн тг



Экспорттық келісім-
шарттар сомасы

148 424
млн тг

Рахат
(кондитерлік өнімдер)

Баян Сулу
(кондитерлік өнімдер)

Фирма Арасан
(сусындар, сыра)

Алматы өнімі
(кондитерлік өнімдер)

RG Brands Kazakhstan
(сусындар)

Аралтүз
(ас тұзы)

Фирма Тұлпар
(шұжық өнімдері)

Raimbek Bottlers
(сусындар)

АкОрда Capital
(етті қайта өңдеу)

Шымкентмай
(май өнімдері)

Евразиян
Фудс Корпорэйшн
(май өнімдері)

EXPO FOOD
(дақылдар)

Рахат-Орал
(кондитерлік өнімдер)

Айсберг ПВ
(жартылай фабрикаттар)

Юникс
(сусындар)

Орал құс фабрикасы
(тауық жұмыртқасы)


Сейнар
(май өнімдері)



ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП / ҚҰРЫЛЫС МАТЕРИАЛДАРЫ

Міндеттемелер
көлемі

231
МЛН ТГ



АГФ групп
Alina Group
Penoplex
Балтекстиль

Экспорттық келісім-
шарттар сомасы

11 184
МЛН ТГ

МАШИНА ЖАСАУ

Міндеттемелер
көлемі

9 091
МЛН ТГ



Қайнар-АКБ
КТЗ и УТЗ
СарыарқаАвтоӨнеркәсіп
Hyundai Trans Auto Қазақстан
КЭМОНТ
KARLSKRONA LC AB

Экспорттық келісім-
шарттар сомасы

105 804
МЛН ТГ

МЕТАЛЛ ӨңДЕУ ЖӘНЕ ХИМИЯ ӨНЕРКӘСІБІ

Міндеттемелер
көлемі

13 953
МЛН ТГ



KSP Steel
ArcelorMittal
ТМЗ
ТЭМК
КазАрмпром
Полимер Продакшн
HILL CORPORATION

Экспорттық келісім-
шарттар сомасы

53 595
МЛН ТГ

АӨК – ДАЙЫН ӨНІМ

Міндеттемелер
көлемі

16 098
МЛН ТГ



Караой
(ет өндіру)
Терра
(ет өндіру)
Green Land Alatau
(жылыжайлар)
Green Capital Kazakhstan
(жылыжайлар)
Жаркент крахмал-сірне
зауыты
(сірне)

Экспорттық келісім-
шарттар сомасы

28 752
МЛН ТГ

Meat Processing and Service
(ет өндіру)
АқТеп
(ет өндіру)
Қайып Ата
(ет өндіру)
АзияАгроФуд
(сірне)
Хлопкопром-Целлюлоза
(целлюлоза)

ЖИЫНЫ



Экспорттық келісімшарттар сомасы

419 778

млн тг



Қабылданған міндеттемелер көлемі

90 197

млн тг



Экспорттық келісімшарттар саны

334

«KazakhExport» ЭСК» АҚ 2018 ж. ішіндегі Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша қолдау көрсетуі




Экспорт саласы



Экспорттау географиясы




KazakhExport қолдау құралдары



Қолдау құралдары бойынша қолданылатын қысқартулар:

КЭ сақтандыру – кредиттер экспортын (төлемді кейінге қалдыруды) сақтандыру
 Дебиторканы сақтандыру – қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру
 ЭАС – экспорт алды сақтандыру
 ЭСК – экспорттық саудалық қаржыландыру



Қайта сақтандыру қызметінің негізгі көрсеткіштері

2015 ж. бастап 2018 ж. дейінгі кезеңнің ішінде KazakhExport-ғы қайта сақтандыру нарығының есептік сыйымдылығы (үлесі) резиденттерге қайта сақтандыруға берілетін қайта сақтандыру сыйлықақысының сомасына сүйеніп бағаланады.

Бұл ретте, KazakhExport «автомобиль көлігін сақтандыру», «аннуитеттік сақтандыру», «медициналық сақтандыру» және азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың кейбір түрлері сияқты шығыны жоғары сақтандыру топтары бойынша қайта сақтандыруға тәуекелдерді қабылдамайды.

2018 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап KazakhExport қайта сақтандыру бойынша негізгі қызметке шоғырланған және жергілікті нарықтан кірістік қайта сақтандыру бойынша бизнес көлемінің өсуі күтілмейді.

2018 жылдың ішінде есептелген брутто-сыйлықақылардың жалпы сомасы 561 млн теңгеге кірістік қайта сақтандыру бойынша 183 шарт және есептелген сыйлықақылардың 217 млн теңге жалпы сомасына тікелей сақтандыру шарттарын шығыстық қайта сақтандыру бойынша 7 шарт жасалды.

Қайта сақтандыру, қайта сақтандыру тәуекелдерінің сапалық андеррайтингі жөніндегі салмақталған Саясаттың арқасында

төлемдер деңгейі нарық бойынша орташа төлемдер деңгейінен 20%-ға төмен..

2015–2018 жылдардың ішіндегі қайта сақтандыру нарығының есептік сыйымдылығы (үлесі)

Көрсеткіштер	Кезең			
	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемі	288 272	356 903	370 173	384 845
Қайта сақтандыруға берілді, барлығы	89 883	131 580	129 736	89 835
(%-бен)	31,18%	36,87%	35,05%	23,34%
Оның ішінде резиденттерге қайта сақтандыруға берілді	14 614	18 327	20 668	14 676
(%-бен)	5,07%	5,14%	5,58%	3,81%
KazakhExport нетто қайта сақтандыру сыйлықақылары бойынша жиналғаны	492	297	281	219
Резиденттерге берілгендер нарығының сыйлықақыларынан %-бен KazakhExport үлесі	3,37%	1,62%	1,36%	1,49%

2015–2018 жылдардың ішіндегі қайта сақтандыру қызметі жөніндегі мәліметтер (млн теңгемен)

Көрсеткіштер	Кезең			
	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.	2018 ж.
Брутто кірістік қайта сақтандыру сыйлықақысы	575	474	845	561
Жүзеге асырылған төлемдер	170	77	63,70	90,21
Өтемақы есептелген төлемдер деңгейі, (%-бен)	29,62	16,24	7,54	16,08

KazakhExport қолдауымен іске асырылған ірі мәмілелер

1) «KSP Steel» ЖШС, Павлодар қаласы

Мұнай-газ саласына арналған жіксіз болат құбырларды өндіретін алғашқы қазақстандық кәсіпорын 2007 жылдың басында құрылған. Компанияның өндірістік орталығы Павлодар қ. орналасқан. 2007 жылғы желтоқсан айында осы Павлодар қаласында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен KSP Steel зауыты-

ның ресми ашылу салтанаты өтті. Кәсіпорынның өндірістік нысандары орналасқан жердің жалпы ауданы 133 га жуық. Бұл жерде 7 500 астам кәсіби даярлықтан өткен маман жұмыс істейді. Зауыттың жұмысын Алматы қаласында орналасқан компанияның бас кеңсесі үйлестіреді. Экспорттың үлесі мен әлемдік нарыққа шығуды арттыру үшін экспорттаушы

KazakhExport-ң көмегіне жүгінді. Ұлттық компания экспорттық кредитті сақтандыру, экспорт алды қаржыландыру және экспорттық саудалық қаржыландыру жағынан қолдау көрсетті. 2018 жылы KSP Steel-мен үш мәміле жасалды, екі мәміле Ресей Федерациясына жіксіз құбырлардың ірі партияларын экспорттау мақсатында жасалды. Бұл мәмілелер аясын-

да өндірістік кәсіпорын шамамен 550 миллион ресей рублі сомасын құрайтын өнімді нәтижелі экспорттады. 2018 жылдың қазан айында KazakhExport KSP Steel компаниясына экспорттаушының несиесін сақтандыру және экспорттық қаржыландыру бойынша 2,65 млрд теңге сомасында қолдау көрсетті. Мәміле «Аль-

фа-Банк» ЕБ АҚ бірлесіп жүзеге асырылды.

KazakhExport ұсынған қолдаудың арқасында компания Ресей Федерациясына жіксіз шегендеу, мұнай құбыры, сорғы-компрессорлық болат құбырлар мен муфталар экспортының көлемін арттыра алды.

KSP Steel
550 млн
рес. рубліне
өнімді нәтижелі экспорттады

2) «АқТеп» ет өңдеуші комбинаты ЖШС, Ақтөбе қаласы

«АқТеп» ЖШС – қазіргі заманғы технологияларға ие экологиялық таза ет өнімдерін өндіретін кәсіпорын. Компания мал өсіруден, құрама жем шығарудан, бордақылаудан, етті қайта өңдеуден бастап нақты тұтынушының тапсырысымен дайын өнімді тиеуге дейін барлық қайта өңдеу процесін дербес жүзеге асырады. Жобаны қаржыландыру «Агро-экспорт» несиелеу бағдарламасы

аясында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ желісі бойынша өтті, қарыз KazakhExport-пен сақтандырылған.

Өндіруші компания мал бордақылайтын алаң үшін 18 мың ІҚМ ба-сын сатып алуға 2,9 млрд теңге сомасына қаржыландырылды. Бұл Ресей Федерациясына экспорт көлемдерін арттыруға мүмкіндік берді.

айналымдағы қаржыны толықтыру сомасы

2,65 млрд
теңге

3) «Жаркент крахмал-сірне зауыты» ЖШС, Алматы облысы, Жаркент қаласы

«Жаркент крахмал-сірне зауыты» ЖШС - заманауи жабдықтар мен жоғары технологияларды қолдана отырып, жүгері дәнін крахмалға терең өңдеу бойынша жетілдірілген желісі бар жаңа зауыт. Жобаның мақсаты - Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының, сондай-ақ жақын және алыс шетелдердің крахмал өнімдерінің өсу көлемін қанағаттандыру болып табылады. Кәсіпорынның осы өндіріс саласында жұмыс тәжірибесі мол және кең клиенттік базасы бар, сонымен қатар крахмал

өнімдеріне сұраныс нарығына үнемі зерттеу жүргізілуде.

«Жаркент крахмал-сірне зауыты» ЖШС бірқатар бәсекелестік артықшылықтарға ие:

- кешен тек жоғары технологиялық жабдықтар мен заманауи материалдарды пайдалана отырып, ең заманауи технологиялар бойынша құрылған;

- өндіріс крахмал-сірне саласының үздік әлемдік мамандарының

«АқТеп» ЖШС
18 мың
ІҚМ бас үшін
2,9 млрд
теңге
сумаға қаржыландырылды

KazakhExport
«Жаркент крахмал — сірне зауыты» ЖШС-не
1,5 млн
АҚШ долл.
қаржыландыру лимитін мақұлдады

KazakhExport қолдауы
«Жаркент крахмал — сірне зауыты» ЖШС-не
экспортты
2 есе
арттыруға мүмкіндік берді

жетекшілігімен құрастырылған және салынған;

- барлық кешен 80% - ға автоматтандырылған, бұл өнімнің өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік береді;

- қазіргі заманғы аспаптармен жоғары жабдықталуы өндірістің барлық циклінің: кіріс шикізатынан дайын өнімге дейін сапасын қамтамасыз етуге және бақылауға мүмкіндік береді.

Отандық экспорттаушыны қолдау және өзбек серіктесіне қаржыландыру бойынша жеңілдік шарттарын ұсыну мақсатымен «Альфа Банк» АҚ ЕБ-мен және

«Asia Alliance Bank» АҚБ-мен (Өзбекстан) бірлесіп KazakhExport 1,5 АҚШ долл. сомасына қаржыландыру лимитін құрылымдады және мақұлдады. Осы мәмілені қаржыландыруды ұйымдастыру үшін «KazakhExport» ЭСК» АҚ өзбек банктерінің бірімен серіктестік қатынастарды орнатты, оның қаржылық жағдайын зерделеді және осы банкке банкаралық қарызды қайтармау тәуекеліне лимит мөлшерін белгіледі.

KazakhExport қолдауы «Жаркент крахмал-сірне зауыты» ЖШС-не жүгері крахмалы мен сірнені Өзбекстанға экспорттау көлемін 2 есе арттыруға мүмкіндік берді.

4) «АГФ Групп» ӨК» ЖШС, Шымкент қаласы

«АГФ Групп» ӨК» ЖШС – бұл Қазақстандағы үй тоқымасын өндіретін ең ірі өндіруші. Фабрика Шымкент қаласындағы «Оңтүстік» Арнайы экономикалық аймағында (АЭА) орналасқан. Тиімді географиялық орналасуының арқасында компанияның шикізат жеткізушілерінің негізгі нарықтарына (Қытай, Үндістан, Пәкістан, Түркия және т. б.), сондай-ақ өткізу нарықтарына (Ресей, ЕО) шығу мүмкіндігі бар және АЭА пен Кеден одағының пұрсаттылықтарын пайдалана отырып, бірлесіп жұмыс істеудің тиімді шарттарын: тиімді бағаны, жеткізудің қысқа мерзімдерін, өнімнің жоғары сапасын ұсынады.

KazakhExport қолдауымен қазақстандық экспорттаушы өз өнімдерін шетел нарықтарына өткізу көлемдерін ең жоғары деңгейге арттырды. Екі жыл бұрын компанияның өнімді өткізуден түсірген жылдық түсімі 450 млн теңгені құраған болатын, 2018 жылдың ішінде тігін фабрикасының экспорт көлемі 4,9 млрд теңгеге дейін жоғарылады.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ қарыз алушысы «АГФ Групп» ӨК» ЖШС болып табылатын «Tengri Bank» АҚ тәуекелдерін сақтандырды.

«АГФ Групп» ӨК» ЖШС-ң
бір жылдық өнімді
өткізуден түсірген түсімі
2 жылда
450 млн теңгеден
4,9 млрд теңгеге
дейін жоғарылады

5) «Green Land Alatau» ЖШС, Алматы облысы, Қапшағай

«Green Land Alatau» ЖШС жылыжай кешені экологиялық таза көкөніс өнімдерін өндіруге маманданған, Алматы және Алматы облысының ірі сауда желілері мен гипермаркеттеріне тікелей жеткізілімдерді, сондай-ақ Ресей Федерациясына көтерме жеткізілімдерді жүзеге асырады.

Жылыжай кешені гидропоника, тамшылатып суару, жарықтандыру жүйесі, тұманды құру жүйесі, тотықтыру жүйесі сияқты зама-

науи еуропалық Dalsem (Нидерланды) жабдықтарымен жабдықталған.

Қазақстанның жабық топырақтағы көкөніс өнімдерін өндірушісі сыртқы нарықтарда табысты бәсекелесуде. Жыл бойы, жеті жылдан бері «Green Land Alatau» ЖШС гендік модификациясыз қызанақ пен қиярдың үздік сұрыптарын шығарады, жылыжай саласы үшін кадрлық резерв жасайды, жыл сайын Ресей нарығына 7 мың

«Green Land Alatau» ЖШС
Жыл сайын **7** мың тонна
көкөніс экспорттайды

тоннадан астам көкөніс экспорттайды.

Интерплантинг арнайы технологиясының арқасында кәсіпорын көкөніс өнімдерін тоқтаусыз өсіріп, жылына 300 күннен астам өнім жинайды. Ал, климатты электронды бақылау жүйесі голландиялық Prima компаниясының арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету көмегімен түрлі температурамен, ылғалдылықпен және жарықтандырумен бірнеше аймақты құруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорында 250-ден астам адам жұмыс істейді. Компания мамандары Қазақстан және Ресей супермаркеттеріне жеткізілімдер

жасайды. Өнімнің ассортиментінде қияр мен қызанақтың бірнеше сорттары бар. Барлық өнім нитраттар мен гербицидтерсіз өндіріледі және экологиялық таза болып табылады.

KazakhExport қолдауымен тұқымдарды, тыңайтқыштарды және өсімдіктерге арналған биологиялық қорғаныс құралдарын сатып алуға арналған айналым қаражатын толықтыру бөлігінде қазақстандық өндіруші экспортқа шығарылатын өнім көлемін ұлғайта алды, төлем мерзімін ұзарта отырып, клиенттерге тауар бере алды, бұл өз кезегінде сыртқы нарықтарда бәсекеге түсуге мүмкіндік береді.

«Green Land Alatau» ЖШС

Клиенттерге тауардың төлем мерзімін ұзартады, бұл өз кезегінде сыртқы нарықтарда бәсекеге түсуге мүмкіндік береді

6) «Қайнар-АКБ» ЖШС

«Қайнар-АКБ» компаниясы аккумуляторлық батареяларды шығаратын отандық тауар өндіруші болып табылады және «Самұрық-Қазына» Холдингінің Отандық тауар өндірушілер тізіліміне енгізілген, «Интербат» аккумуляторлық батареяларды өндірушілерінің халықаралық одағының мүшесі болып табылады.

Бүгінгі таңда «Қайнар-АКБ» ЖШС – бұл аяғына нық тұрған,

экономикасы дамыған және аккумуляторлық батареяларды өндіру циклы толық кәсіпорын.

KazakhExport және «Сбербанк» АҚ ЕБ шикізат сатып алуға айналым қаражаттарын толықтыруға «Қайнар-АКБ» ЖШС-не қолдау көрсетті. Қаржыландыру аккумуляторлық батареялардың қазақстандық өндірушісіне экспортқа өндірілетін өнімнің көлемдерін арттыруға мүмкіндік берді.

7) «AAEngineering Group» ЖШС, Алматы қаласы

Компания Қазақстан нарығында 1993 жылдан бері жұмыс істейді. Сол кезде кәсіпорын құрылыс материалдарын шығарумен айналысты. Ал 2013 жылы компания «екінші» өмірді іс жүзінде алды, оның жаңа көрінісі өндірістік кооперативтен сервистік бағытты дамытуға және тау-кен өндіру кәсіпорындарына кешенді қызметтер көрсетуге дейін өсуді көздейді. Мәселен, Қазақстан нарығында алтын шығаратын фабрикаларды сапалы жобалай алатын ұйым пайда болды.

Бүгін компанияда мыңнан астам адам жұмысқа орналасты. Мамандар барлық жобалармен қатар жұмыс істейді, оның төртеуі

жобалау және құрылыс сатысында, қалғандары техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу кезеңінде. Ал биылғы жылы компания шетелдік серіктестермен ынтымақтаса бастады. Жақын арада Қырғыз Республикасында орналасқан «Талас алтын өндіру фабрикасын» жобалау, салу және пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Компанияның бірегейлігі TMT-ны қайта өңдеу бойынша технологияларды меңгеруде, гидрометаллургиялық әдіспен, сондай-ақ плантация арқылы байытатын алтынды шығару және алу бойынша технологияларды меңгеруде жатыр. Оның пікірінше, ең техно-

«KazakhExport»

жылдың басынан
60-тан астам
экспортер —
компанияларын қолдады

500 млрд теңге
сомасына **300** экспорт
келісімшарттары

логиялық мектеп Оңтүстік-Африка технологиялық мектебі болып саналады.

Қазақстан аумағынан тыс жерлерде қарқынды даму және жаңа нарықтарға шығу үшін кәсіпорынға мемлекеттік көмек қажет болды. KazakhExport-қа жүгініп, қолдау құралдарының бірі – банк кепілдігін сақтандыруды пайдаланған соң компанияның 107 500 млн АҚШ доллары сомасына қызмет көрсету экспортын жүзеге асыру мүмкіндігі пайда болды. Атап айтқанда, Қырғызстанда «Талас алтын өндіру фабрикасын» салу үшін жабдықты жобалау және орналастыру мүмкіндігіне ие болды. Оның үстіне, бұл арада отандық компанияларды қосалқы мердігерлікке тарта отырып, Қазақстан аумағында өндірілген құрылыс материалдары қолданылды.

Экспорттың бұл түрі өте маңызды болып табылады, себебі қызметтер экспорты жұмыстарды орындау үшін қазақстандық мамандар тартылатын және қазақстандық өндірі қолданылатын белгілі бір мультипликативтік әсерге жете отырып, Қазақстандағы өндірісті арттыруға мүмкіндік береді. Жалпы алғанда, 2017 жылдың басынан бастап 60 астам серіктес-компанияға қолдау көрсетілді. Бұл 500 млрд теңгеден астам сомаға 300 астам экспорттық келісімшарт жасалды деген сөз.

«AAEngineering Group» компанияның ең өзекті жоспары – Ресей мен Қырғызстан нарықтарын игеру болып табылады. Мысалға, келесі жылы кәсіпорындарды жобалау жөніндегі алғашқы келісімшарттарға қол қойылып, жуырда көршілес мемлекеттерге экспорт көлемін 380 млн долларға дейін арттыру жоспарланып отыр.

«AAEngineering Group»
экспорт қызметінің көлемін
арттыру
жоспарлап
отыр **380**
млн долларға

8) «Молпродукт» зауыты, Петропавл қаласы

Мемлекеттік қолдаудың арқасында Қазақстанда сүт өнімдерінің экспорты артты. Петропавл қаласында орналасқан «Молпродукт» зауыты тәулігіне 500 тонна өңдейді. Кәсіпорын 2009 жылы құрылған. Уақыт өте келе зауытта ауқымды қайта жөндеу жұмыстары жүргізілді – еуропалық стандарттар бойынша жоғары технологиялық жабдықтар орнатылды. Ал 2016 жылы кәсіпорында өндірістік қуаттылықты арттырып, инновациялық қаптамаларды дайындау бойынша жабдық орнату туралы шешім қабылданды. Бірақ қазақстандық өндірушіге кепіл жетпеді. Осы кезде KazakhExport компаниясы көмекке келді, ол кәсіпорынды 2 млрд теңге көлемінде қарызды сақтандыру арқылы қолдады. Мемлекеттік қолдаудан кейін қайта өңдеу

және экспорт көлемі 20% - дан астам өсті.

Қазір зауыт өнімнің 40 түрін шығарады және 240 жұмыс орнын ұсынады. Кәсіпорын шикізатты Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстарының ауыл шаруашылығы өндірушілерінен сатып алады.

Зауыт өнімінің экспорты артты және енді өндірістің жалпы көлемінің үштен бірін Ресейге жеткізеді. Қытай мен Моңғолияда өткізу нарықтарын табу жоспарлануда.

Сондай-ақ, KazakhExport қызметтерін пайдалана отырып, кәсіпорынның өндіріс үшін шығын материалдарын тиімді бағамен үздіксіз жеткізуді жолға қою мүмкіндігі пайда болды.

«Молпродукт» зауыты
2 млрд теңге
көлемінде
қарызды сақтандырды

мемлекеттің қолдауының
арқасында қайта өңдеу
және экспорт
көлемі **20%**

9) «Айсберг ПВ» ЖШС, Павлодар қаласы

Өз өнімдерін Мәскеуге алғашқы болып жеткізіп берген отандық өндірушілердің бірі. Қазақстан компаниясы «Айсберг ПВ» ЖШС

мұздатылған тұшпара, варениктер, манты, құймақ, котлет өндірумен айналысып, Қазақстан бойынша және ресейдің кейбір

қалаларына жеткізіледі. Өнім мен жартылай фабрикаттардың 80-нен астам атауы, олардың өндіріс көлемі толық жүктелгенде ай сайын шамамен 400 тоннаны құрайды. Экспорт көлемін ұлғайту үшін кәсіпорын Қазақстаннан азық-түлік өнімдерін сатуға маманданған ресейлік компаниямен келісімшарт жасауды шешті. Шетелдік сатып алушымен жасалған

жеткізу шарты шеңберінде экспорттаушыға қаржылық қорғау бөлігінде мемлекеттік қолдау көрсетілді. Атап айтқанда, экспорттық келісім-шарт бойынша ресейлік сатып алушының төлемді кейінге қалдыру сақтандырылды. Осылайша, қазақстандық өндіруші импорттаушының төлемге қауіпінен қорғалды.

«Айсберг ПВ» ЖШС

80 өнім мен жартылай
ай сайын фабрикаттар атауы
400
тонна

10) «Баян Сұлу» АҚ, Қостанай қаласы

Қазақстан Республикасының кондитерлік өнімдерді өндіретін ең ірі кәсіпорындарының бірі. Зауыт 1974 жылдың желтоқсанында құрылған және қырық жылдан астам уақыт Қостанай қаласында жұмыс істейді. «Баян Сұлу» АҚ өнімдері алыс және жақын шетелдерде белсенді түрде ілгері жылжуда. Компанияның Ресей, Қырғызстан, Түркменстан, Өзбекстан, Әзірбайжан, Германия, Қытай, Беларусь сияқты елдерде кең өткізу құрылымы бар. «Баян Сұлу» АҚ экспорттық өнімдерінің басты тұтынушысы Ресей Федерациясы болып табы-

лады. Мемлекеттік қолдаудың пайдаланылатын құралы - қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру. Сақтандыру өнімі «Баян Сұлу» АҚ шетелдік сатып алушылардың төлем жасамау тәуекелінен қорғауға арналған, бұл ретте KazakhExport төлемді кейінге қалдыра отырып, сақтанушының экспорттық келісімшарттар қоржынын сақтандырады.






U.S. Bank Tower

АҚШ аумағындағы биіктігі бойынша он екінші ғимарат, Чикагодан батысқа қарай ең биік зәулім үй, сондай-ақ, Калифорниядағы ең биік ғимарат болып табылады.

04

Нысанның биіктігі— 310 метр. Зәулім үй аса жоғары сейсмикалық қатер аймағында тұр, сондықтан жобамен магнитудасы Рихтер шкаласы бойынша 8,0 дейін жер сілкінісіне шыдайтын берік қоры қарастырылған. Құрылыс 73 қабаттан және екі деңгейлі жер асты көлік тұрағынан тұрады. Бұл Лос-Анджелесте ең танымал ғимараттардың бірі.

Қызметтің қаржылық нәтижелері





• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі • Басқарма Төрағасының үндеуі • 1. KazakhExport туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • **4. Қызметтің қаржылық нәтижелері** • 5. Сатып алулар практикасы • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Kazakh-Export активтері 48 646 млн теңгені, 2018 жылдың қорытындылары бойынша KazakhExport меншікті капиталы 43 309 млн теңгені, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша міндеттемелер 5 337 млн теңгені құрады.

2018 жылдың қорытындылары бойынша жиынтық кірістер 6 373 млн теңгені құрады.

Негізгі қызметтен болған шығыстар 2 424 млн теңгені құрады:

- ◆ сақтандырудан төленетін сыйлықақылар бойынша кірістер – 2 119 млн теңге;
- ◆ қайта сақтандырудан төле-

нетін сыйлықақылар бойынша кірістер – 563 млн теңге;

- ◆ шартты салымдар бойынша кірістер – 218 млн теңге.

2018 жылдың қорытындылары бойынша жиынтық кірістер 4 320 млн теңгені құрады.

Негізгі қызметтен болған шығыстар 2 424 млн теңгені құрады:

- ◆ резервтердің таза сомасы 1 805 млн теңгені құрады, бұл сома өтелмеген сыйлықақы резервтерінің (АСР) 707 млн теңге мөлшерінде, Орын алған резервтердің, бірақ мәлімделмеген залалдың (ОРМЗ) 761 млн теңге мөлшерінде, Мәлімделген резервтердің, бірақ реттелмеген залалдың

(МРРЗ) 12 млн теңге мөлшерінде және қайта сақтандыру активтерінің 325 млн теңге мөлшерінде өзгеруінің нәтижесінде пайда болды;


- ◆ қайта сақтандыруға берілген сыйлықақының жалпы сомасы 571 млн теңгені құрады;

- ◆ сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша төлемдер сомасы 48 млн теңгені құрады.


2018 жылдың қорытындылары бойынша әкімшілік шығындардың жалпы сомасы 1 163 млн теңгені құрады.

2018 жылдың ішіндегі қызметтің нәтижелері бойынша ROA көрсеткіші 3,34%-ды және ROE 3,71%-ды құрады.


2016–2018 жылдардың ішіндегі активтердің, капиталдың және міндеттемелердің серпіні, млн теңге



2016–2018 жылдардың ішіндегі кірістер мен шығыстар серпіні, млн теңге



2016–2018 жылдар ішіндегі рентабельділік көрсеткіштерінің серпіні, %





30 St Mary Axe

Лондонның қаржы орталығындағы 40 қабатты мұнара бірінші экологиялық заулім үй атағына үміткер. Орталық тірек негіздері бар торлы қабық түрінде жасалған.

05

Ғимарат 1992 жылы Ирландия республикасының әскерлерінің лаңкестік әрекеттері нәтижесінде зақымдалған Балтық биржасының орнында атақты сәулетші Норман Фостердің жобасы бойынша 2001-2004 жылдарда тұрғызылды. Құрылыстың құны — \$400 млн. Фостер күн жарығын және табиғи желдету әсерін қолданғысы келді. Биіктігі 180 метрді құрайтын ғимарат үнемді болып шықты: осындай түрдегі басқа құрылыстарға қарағанда электр энергиясын екі есе аз тұтынады.

Сатып алулар практикасы



• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі • Басқарма Төрағасының үндеуі • 1. KazakhExport туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • **5. Сатып алулар практикасы** • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

Жеткізушілерді таңдау және олармен жұмыс істеу саясаты KazakhExport тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру ережелерінде көрсетілген мынадай негізгі қағидаттарды іске асыруға негізделеді:

1. Сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы;
2. Сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау;
3. Сапалы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;
4. Мүгедектер ұйымдарын (кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын мүгедек жеке тұлғаларды) қолдау шартымен сатып алу процесіне қатысу үшін барлық әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру;
5. Әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестік;
6. Сатып алу процесіне делдалдардың қатысуын азайту.

Жоғарыда көрсетілген қағидаттарды сақтау үшін KazakhExportтағы сатып алу рәсімдері қазіргі заманғы талаптарға жауап

береді, оларды ұйымдастыру еер.mitwork.kz Еуразиялық электрондық порталы арқылы электрондық тәсілмен іске асырылған.

Осылайша, әрбір әлеуетті жеткізушінің сатып алулар үдерісіне қатысу және шарт жасасуға үміттену мүмкіндігі бар.

Есепті кезеңнің ішінде KazakhExport 340 млн теңгеден астам сомаға сатып алуларды жүзеге асырды. Оның ішінде жергілікті қамту үлесі 60% бола тұра, жоспарлы көрсеткіш 79% құрады.





Парфенон

Афиналық Акропольде орналасқан антикалық сәулет ескерткіші, көне грек ғибадатханасы.

06

Акрополь жалпақ басты 156 метрлік жартасты тау сілемі болып табылады

(ұзындығы шамамен 300 м және ені 170 м).

Алғашқы бекіністер Афиндер төңірегінде классикалық кезең басталғанға дейін көп бұрын пайда бола бастаған. Архаикалық заманда-ақ бұл жерде сәулетті ғибадатханалар, мүсіндер, түрлі діни арнаудағы нысандар орналасқан. Сонымен қатар, Акропольді аңыз бойынша Афиндердің бірінші патшасы және Акрополь негізін қалаушы болған Кекропс құрметіне «Кекропия» деп те атайды.

2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер





• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі • Басқарма Төрағасының үндеуі • 1. KazakhExport туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы • **6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер** • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

KazakhExport-қа сенімділік және сенім деңгейін арттыру мақсатында экспорттаушы кәсіпорындар, Қазақстан және халықаралық қаржы институттары, сондай-ақ экспорттық-кредиттік агенттіктер тарапынан жоспарланған іс-шаралар аясында төмендегілер күтілуде:

1. Экспортты қолдау бойынша мемлекеттік кепілдік алу;
2. Қазақстандық өнімді экспорттау кезінде қаржылық қызметтер бойынша сыйақы став-

касын субсидиялау түрінде жеке кәсіпкерлікті қаржылық қолдау көрсету туралы норманы заңнамалық бекіту;

3. «2019-2020 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заңға сәйкес шикізаттық емес тауарлар мен қызметтерді экспорттаушыларды қолдау үшін KazakhExport жарғылық капиталын әрі қарай көбейту;
4. 2019 жылдың соңына дейін Ресей Федерациясында

(Мәскеу қ., Новосибирск қ., Екатеринбург қ.), Қытай Халық Республикасында (Сиань қ.), Өзбекстанда (Ташкент қ.), Тәжікстанда (Душанбе қ.), Қырғыстанда (Бішкек қ.), Беларусьте (Минск қ.) шетелдік өкілдердің 8 кеңсесін ашу;

5. Қазақстан өңірлерінде қамтуды кеңейту.





Бурдж-Халифа

Дубайдағы биіктігі 828 метрді құрайтын зәулім үй әлемдегі ең биік ғимарат. Ғимараттың пішіні сталагмитке ұқсайды.

07

«Халиф мұнарасы» жеке гүлзары, бульвар мен саябақтары бар «қала ішіндегі қала» ретінде жобаланды. Ғимараттың жалпы құны – 1,5 млрд доллар. Көптеген басқа зәулім үйлерден ерекшелігі «Бурдж-Халифа» іргетасы тасты жерге бекітілмеген. Ғимараттың іргетасына ұзындығы 45 м және диаметрі 1,5 м құрайтын аспалы қадалар қолданылды. Барлық осындай қадалар шамамен 200. Ғимараттың пішіні желден теңселу әсерін азайту үшін ассиметриялы болып табылады.

Корпоративтік басқару





• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі • Басқарма Төрағасының үндеуі • 1. KazakhExport туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • **7. Корпоративтік басқару** • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

Корпоративтік басқару жүйесінің, оның қағидаттарының сипаттамасы

КazakhExport корпоративтік басқаруды KazakhExport қызметінің тиімділігін арттыру, оның беделін нығайту және капиталды тартуға шығындарды азайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқарудың тиісті жүйесі қазіргі экономикадағы KazakhExport орнын айқындайтын фактор болып табылады. Корпоративтік басқарудың негізін заңның үстемдігі қағидаты құрайды.

KazakhExport корпоративтік басқару кодексі қабылданды. Кодекс KazakhExport ішіндегі және нарықтың басқа да қатысушыларымен қарым-қатынаста корпоративтік басқарудың жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін өз қызметі барысында болатын ере-

желер мен ұсынымдардың жиынтығы болып табылады.

Кодексте белгіленген Корпоративтік басқарудың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1. Өкілеттіктерді ажырату қағидаты;
2. Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
3. KazakhExport Директорлар кеңесі мен басқарманы тиімді басқару қағидаты;
4. Тұрақты даму қағидаты;

5. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және ішкі аудит қағидаты;

6. Корпоративтік шиеленістер мен мүдделер шиеленісін реттеу қағидаты;

7. KazakhExport қызметі туралы ақпараттың анықтығы және оны ашу объективтілігі қағидаты.

Корпоративтік басқару кодексінде көрсетілген корпоративтік басқару қағидаттары KazakhExport басқарумен байланысты туындайтын қарым-қатынастарда сенімді туғызуға бағытталған.

Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтау туралы есеппен және/немесе есепті жылы оған сәйкестік бойынша қабылданған шаралармен KazakhExport корпоративтік сайтында танысуға болады: https://keg.kz/rubric/o_nas/korporativnoe_upravlenie/korporativnie_i_vnutrennie_dokumenti

Менеджменттің ұйымдық құрылымы



Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесінің құрамы

2018 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесі келесі тұлғалардан құралды:



**ДОСАЕВ
Ерболат
Асқарбекұлы**

Директорлар кеңесінің
Төрағасы

01.06.2016 – 31.01.2018
01.06.2016 – ақпан
2019

**Қазақстан
Республикасы
Премьер-министрінің
орынбасары**



**ӘРІПХАНОВ
Айдар
Әбдіразақұлы**

Директорлар кеңесінің
мүшесі

08.02.2017- 31.01.2018
08.02.2017- мамыр
2019

**«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ
Басқарма Төрағасы**



**ИСКАКОВ
Руслан
Викторович**

Директорлар кеңесінің
мүшесі

15.02.2016 – 31.01.2018
15.02.2016 – ақпан
2019

**«KazakhExport» ЭСК»
АҚ Басқарма Төрағасы**



**СҮЙЕНТАЕВ
Дамир
Серікбайұлы**

Директорлар кеңесінің
мүшесі – тәуелсіз
директор

15.02.2016 – 31.01.2018
15.02.2016 – февраль
2019



**САМАҚОВА
Айткүл
Байғазықызы**

Директорлар кеңесінің
мүшесі – тәуелсіз
директор


13.09.2016 – 31.01.2018
13.09.2016 – ақпан
2019



**ДИЛЬДЯЕВ
Ярослав
Григорьевич**

Директорлар кеңесінің
мүшесі – тәуелсіз
директор

13.09.2017 – 31.01.2018
13.09.2017 – ақпан
2019



**ҚУАТОВА
Айнұр
Саинқызы**

Директорлар кеңесінің
мүшесі

28.02.2018 – 31.01.2018
28.02.2018 – ақпан
2019

**Басқарушы директор –
«Бәйтерек» ҰБХ»
АҚ Басқармасының
мүшесі**

2018 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің құрамында келесі өзгерістер орын алды:

KazakhExport Жалғыз акционері келесі шешімдерді қабылдады («Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Басқармасының 2018 жылғы 28 ақпандағы № 07/18 хаттамасы):

◆ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы 7 (жеті) адам болып белгіленсін.

◆ Қуатова Айнұр Саинқызы «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің өкілеттіктер мерзімі «KazakhExport»

ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің жалпы өкілеттіктер мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімді құрайтын мүшесі болып Жалғыз акционердің өкілі ретінде сайлансын.

Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

2018 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесі KazakhExport Директорлар кеңесінің 12 отырысын: 8 отырысты – күндізгі нысанда және 4 отырысты – сырттай нысанда өткізді. Мәселелерді жан-жақты қарастыруға арналған материалдар, түсіндірме хаттар KazakhExport Директорлар кеңесі туралы Ережеде белгіленген мерзімнің ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің отырысын

өткізу күніне дейінгі 10 (он) жұмыс күн бұрын KazakhExport Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелеріне жіберілді.

2018 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелері KazakhExport Директорлар кеңесінің отырыстарына тиісті тәртіппен барып, оның жұмысына белсене қатысты.

KazakhExport Директорлар кеңесінің отырыстарына KazakhExport Директорлар кеңесінің Төрағасы мен мүшелерінің есепті кезеңнің ішінде қатысуы пайыздық шамада 100%-ды, KazakhExport Директорлар кеңесінің мүшесі А.С. Қуатованың қатысуы – 91,6% құрайды.

2018 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің отырыстарында 103 мәселе қаралды.

ТАӘ	Күндізгі нысанда */**	Сырттай нысанда */**
Досаев Ерболат Асқарбекұлы	8/8	4/4
Искаков Руслан Викторович	8/8	4/4
Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	8/8	4/4
Самақова Айткүл Байғазықызы	8/8	4/4
Әріпханов Айдар Әбдіразақұлы	8/8	4/4
Дильдяев Ярослав Григорьевич	8/8	4/4
Қуатова Айнұр Саинқызы	7/8	4/4

* Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың жалпы саны;

** Директорлар кеңесінің мүшесі қатысуы мүмкін болған отырыстардың жалпы саны.

2018 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесі берген 22 тапсырманың 18-і орындалды, 4 тапсырма бойынша орындау мерзімі басталған жоқ – олардың орындау мерзімі 2019 жылғы 31 мамырда, 2019 жылғы шілдеде аяқталады. Осылайша, 2018 жылдың ішінде тапсырмалар 100%-ға орындалды.

Директорлар кеңесінің 2018 жылы қараған мәселелерінің тақырыптамасы, мәселелер саны



- ◆ Жоспарлау және есептілік
- ◆ Ішкі нормативтік құжаттарды бекіту
- ◆ Кадр мәселелері
- ◆ Ішкі және сыртқы аудит мәселелері
- ◆ Директорлар кеңесінің мәселелері
- ◆ Мәмілелер/инвестициялық жобалар/бағалы қағаздар
- ◆ Тәуекелдерді басқару мәселелері
- ◆ Стратегия және мемлекеттік бағдарламалар мәселелері
- ◆ Басқа мәселелер

Директорлар кеңесінің Комитеттері

KazakhExport Директорлар кеңесіне жан-жақты негізделген ұсынымдарды әзірлеу арқылы оны басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында KazakhExport келесі консультативтік-кеңесші органдар құрылып, жұмыс істейді:

1. KazakhExport Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті;
2. KazakhExport Директорлар кеңесінің кадрлар, сыйақылар

және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті;

3. KazakhExport Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеті.

Комитеттер әзірлеген ұсыныстардың барлығы KazakhExport Директорлар кеңесінің қарауына ұсынылатын ұсынымдар болып табылады.

KazakhExport Директорлар кеңесінің Корпоративтік басқаруының ең үздік практикасына сай болу мақсатында KazakhExport Директорлар кеңесінің көрсетілген комитеттерінің құрамына «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ тиісті бөлімшелерінің қызметкерлерінің ішінен нақты комитетте жұмыс істеу үшін қажетті кәсіби білімі бар сарапшылар (дауыс беру құқығы жоқ) кіргізілген.

Директорлар кеңесі Комитеттерінің құрамы

Жалғыз акционердің шешіміне сәйкес KazakhExport Директорлар кеңесі 2018 жылғы 30 наурызға дейін Әріпханов Айдар Әбдіразақұлының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және Қуатова Айнұр Саинқызының:

◆ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің мүшесі;

◆ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі;

◆ «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитетінің мүшесі етіп сайлау туралы шешім қабылдады.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің Комитеттерінің құрамы

Аудит жөніндегі комитет

№	Комитеттегі лауазымы	ТАӘ	Лауазымы
1	Комитет Төрағасы	Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	Қуатова Айнұр Саинқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	Самақова Айткүл Байғазықызы	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
4	Комитет мүшесі	Дильдяев Ярослав Григорьевич	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
5	Дауыс беру құқығы жоқ сарапшы	Жапарова Ақбота Ермекқызы	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің жоба жетекшісі

Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитет

№	Комитеттегі лауазымы	ТАӘ	Лауазымы
1	Комитет Төрайымы	Самақова Айткүл Байғазықызы	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	Қуатова Айнұр Саинқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
4	Комитет мүшесі	Дильдяев Ярослав Григорьевич	Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор
5	Дауыс беру құқығы жоқ сарапшы	Мамеков Мұрат Мамырұлы	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің жоба жетекшісі

Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет

№	Комитеттегі лауазымы	ТАӘ	Лауазымы
1	Комитет Төрағасы	Дильдяев Ярослав Григорьевич	Директорлар кеңесінің мүшесі- тәуелсіз директор
2	Комитет мүшесі	Қуатова Айнұр Саинқызы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі
3	Комитет мүшесі	Самақова Айткүл Байғазықызы	Директорлар кеңесінің мүшесі- тәуелсіз директор
4	Комитет мүшесі	Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі- тәуелсіз директор
5	Дауыс беру құқығы жоқ сарапшы	Мамеков Мұрат Мамырұлы	«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің жоба жетекшісі

2018 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің Комитет Хатшысы KazakhExport Корпоративтік хатшысы Давлетова А.Т. болған.

Директорлар кеңесі Комитеттерінің отырыстар саны

2018 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесінің Комитеттері жалпы 134 мәселені қарады.

Мәселелерді жан-жақты қарау үшін материалдар, түсіндірме хаттар KazakhExport Директорлар

кеңесі Комитеттерінің Төрағасына және мүшелеріне KazakhExport Директорлар кеңесінің Комитеттері туралы ережелерде белгіленген мерзімнің ішінде Комитеттің отырысын жүргізу күніне дейінгі 5 (бес) жұмыс күн бұрын жіберілді.



Директорлар кеңесі Комитеттерінің Төрағасы мен мүшелерінің отырыстарға қатысуы

2018 жылдың ішінде KazakhExport Директорлар кеңесі Комитеттерінің Төрағалары, мүшелері

KazakhExport Директорлар кеңесі

Комитеттерінің отырыстарына төмендегідей қатысты:

Комитет Төрағасының/мүшесінің, сарапшылардың ТАӘ	Отырыстарға қатысуы */**
Самақова Айткүл Байғазықызы	27/27
Сүйентаев Дамир Серікбайұлы	27/27
Қуатова Айнұр Саиновна	27/27
Дильдяев Ярослав Григорьевич	27/27
Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің сарапшысы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің жоба жетекшісі Жапарова А.Е.	5/10
Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеттің сарапшысы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің жоба жетекшісі Мамеков М.М.	7/7
Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің сарапшысы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің жоба жетекшісі Мамеков М.М.	6/6

*Директорлар кеңесінің Комитет мүшесі қатысқан отырыстардың жалпы саны, сарапшы;

** Директорлар кеңесінің Комитет мүшесі қатысуы мүмкін болған отырыстардың жалпы саны, сарапшы.

2018 жылдың ішіндегі KazakhExport Директорлар кеңесі Комитеттерінің отырыстарына қатысу пайыздық шамада төмендегідей болып табылады:

◆ KazakhExport Директорлар кеңесі Комитеттерінің Төрағалары және мүшелері – 100%;

◆ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің сарапшысы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департа-

ментінің жоба жетекшісі Жапарова А.Е. – 50%;

- ◆ Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің, Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелері жөніндегі коми-

теттің сарапшысы, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Активтерді басқару департаментінің жоба жетекшісі Мамеков М.М. – 100%.

Еңбек демалысында болуына байланысты Мамеков М.М. 2018

жылғы 24 сәуірде, 2018 жылғы 24 шілдеде өткен Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелері жөніндегі комитеттің, Стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитеттің отырыстарына қатысқан жоқ.

Директорлар кеңесінің жұмысын және корпоративтік басқару диагностикасын бағалау

2018 жылы Дүниежүзілік банк тобына кіретін халықаралық қаржы корпорациясы (IFC) «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар Кеңесінің 2017 жылғы қызметінің тиімділігіне баға берді.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес KazakhExport Директорлар кеңесінің қызметін бағалау туралы ереже, Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігі жыл сайынғы негізде бағаланады. Бұл ретте, үш жылда бір рет мұндай бағалау тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізілуі тиіс.

Тиімділікті бағалаудың негізгі міндеті кеңестің, комитеттердің, Корпоративтік хатшының ағымдағы қызметі және ДК құрамының теңгерімділігі туралы объективті ақпарат алу, Директорлар

кеңесі мен комитеттердің жұмысына жеке үлесін талдау, ДК жұмыс тәжірибесін одан әрі дамыту бағыттарын айқындау болды.

Бағалау әдіснамасы корпоративтік басқару мәселелері бойынша үздік халықаралық тәжірибе негізінде құрылды.

Бағалау барысында KazakhExport ішкі құжаттары мен отырыстардың хаттамалары, Кеңес пен комитеттердің есептері мен жұмыс жоспарлары талданып, кеңес пен комитеттердің мүшелеріне сауалнама жүргізіліп, қатысушылармен жеке сұхбат жүргізілді.

Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігін тәуелсіз бағалаудың тұрақты практикасы KazakhExport корпоративтік басқарудың үздік

практикасы қағидаттарына бейілділік индикаторларының бірі болып табылады.

IFC кешенді талдауы Директорлар кеңесі жұмысының негізгі бағыттарын зерттеуге бағытталған және KazakhExport стратегиялық міндеттеріне қол жеткізуге әрбір мүшелерінің ортақ және жеке үлесін анықтауға, сондай-ақ қажет болған жағдайда оның қызметіне түзетулер енгізуге мүмкіндік береді.

IFC сарапшыларының бағалау нәтижелері мен ұсыныстары KazakhExport Директорлар кеңесінің отырысында талқыланды. Бағалау нәтижелері бойынша Директорлар кеңесінің жұмысын одан әрі жетілдіру бойынша іс-қимыл жоспары әзірленді.

Мүдделер шиелінісі

KazakhExport - те корпоративтік даулар мен мүдделер шиеленісін реттеу бойынша саясат жұмыс істейді, ол қақтығыстарды сотқа дейінгі реттеу тәртібі мен рәсімдерін, сондай-ақ осы мәселелер шеңберіндегі органдардың, лауазымды тұлғалар мен KazakhExport қызметкерлерінің іс-қимылдарын регламенттейді.

Мүдделер шиеленісін уақтылы реттеуді қамтамасыз ету мақсатында KazakhExport-те үлестес тұлғалардың тізілімі тұрақты түрде жүргізіледі, ол белгіленген тәртіппен құрылымдық бөлімшелердің, атқарушы органның және KazakhExport басқару органының басшыларына жеткізіледі.

KazakhExport-те әлеуетті мүдделер даулардың алдын алу және

мониторингі мақсатында Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері өздерінің аффилиирленген тұлғалары туралы ақпаратты тұрақты түрде ұсынады.

Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері, KazakhExport қызметкерлері өз кәсіби функцияларын KazakhExport пен Жалғыз акционердің мүддесінде адал және ақылға қисынды түрде орындайды.

KazakhExport Директорлар кеңесі туралы ережеде Директорлар кеңесінің мүшесінің міндеті:

1. Аффилиирлену туындаған күннен бастап 7 (жеті) күннің ішінде KazakhExport өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтерді ұсыну;

2. Іс-әрекеттерден тартынуға және оның мүддесі (немесе онымен байланысты тұлғалар) мен KazakhExport мүдделері арасында жанжалдың туындауына алып келетін немесе ықтимал мүмкін болатын жағдайларға жол бермеуге, ал туындаған жағдайда мүдделер қақтығысының болуы туралы Директорлар кеңесіне дереу хабарлауға;

3. Жасалуына мүдделі тұлға болып танылуы мүмкін болжамды мәмілелер туралы ақпаратты Директорлар кеңесінің назарына жеткізуге;

4. Өз мүдделілігі бар шешімдер қабылдауда мәселелер бойынша дауыс беруден бас тартуға құқылы. Бұл ретте, Ди-

ректорлар кеңесінің мүшесінің мұндай мүдделілік пен оның пайда болу негізінің фактісін Директорлар кеңесіне дереу ашуға міндеттенеді.

KazakhExport-та Директорлар кеңесінің мүшесі-тәуелсіз директормен KazakhExport ішкі нормативтік құжаттарында көзделген, оның ішінде корпоративтік даулар мен мүдделер қақтығысы

мәселелері бойынша талаптарды сақтау шарттарын көрсететін азаматтық-құқықтық шарт жасалады.

KazakhExport басқармасы туралы ережеде оның мүшелерінің басқа ұйымдардағы басқару органдарындағы лауазымдарды қоса атқаруына KazakhExport Директорлар Кеңесінің келісімімен ғана жол беріледі деген ереже көзделген.

Бұл мүдделер қақтығысының туындау факторларын анықтауға байланысты жағдайды бақылауға ықпал етеді.

2018 жыл ішінде KazakhExport-та Корпоративтік хатшы KazakhExport, оның органдары мен лауазымды тұлғаларының қызметінде корпоративтік даулар мен мүдделер шиеленісі жағдайлары орын алған жоқ.

Комплаенс

KazakhExport-те Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, ішкі ережелер мен рәсімдерді сақтамауға байланысты комплаенс-тәуекелдердің алдын алуға бағытталған комплаенс-бақылау жүйесі жұмыс істейді.

Комплаенс-тәуекелді басқару процесі Тәуелсіздік, жүйелілік, үздіксіздік және хабардар болу сияқты қағидаттарға негізделеді.

Комплаенс-тәуекелді жедел басқаруды KazakhExport Директорлар кеңесіне есеп беретін Комплаенс-бақылаушы жүзеге асырады.

KazakhExport сыбайлас жемқорлық және алаяқтық факторларға қарсы іс-қимыл мен алдын алу-

дың өзі үшін басым бағыт деп санайды.

Қызметтің осы бағыты шеңберінде KazakhExport қызметкерлері мен лауазымды тұлғалары арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын ұйымдастыру мәселелерін реттейтін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты қабылданды, сыбайлас жемқорлық іс-қимыл түрлерін айқындайды, KazakhExport басшылығының, қызметкерлер мен Омбудсменнің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды іске асыру жөніндегі жұмысын регламенттейді, сондай-ақ KazakhExport Комплаенс-бақылаушысына KazakhExport-дағы сыбайлас жемқорлық немесе ала-

яқтық жағдайлары туралы жүгіну тәртібін анықтайды.

KazakhExport қызметкерлерінің немесе клиенттерінің, сондай-ақ басқа үшінші тұлғалардың ішінен кез келген адам Комплаенс-бақылаушыға сыбайлас жемқорлық және/немесе алаяқтық жағдайларының туындауы туралы хабарламамен 8 (7172) 55 44 70 телефоны бойынша және k.kabsamatov@keg.kz немесе senim@keg.kz электрондық пошта мекенжайларына жүгіне алатын сенім жүйесі – «жедел желі» және «Сенім» сенім телефоны енгізілді.

2018 жылдың ішінде KazakhExport-та сыбайлас жемқорлық немесе алаяқтық іс-әрекеттерді жасау жағдайлары орын алған жоқ.

Атқарушы орган

Басқарма KazakhExport алқалы атқарушы органы болып табылады және өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, KazakhExport Жарғысын және KazakhExport Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Басқарма туралы Ережені басшылыққа алады.

Басқарманы Директорлар кеңесі құрады, ол басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, оның басшысы мен мүшелерін сайлады, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуды айқындайды. Сақтандыру қызметі туралы заңнамаға сәйкес Басқар-

ма мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы тиіс.

Басқарма отырысын өткізу туралы шешімді Басқарма Төрағасы қабылдайды. Басқарма құзыреті Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен, KazakhExport Жарғысымен, KazakhExport басқармасы туралы Ережемен белгіленген. Жалғыз акционер Басқарма мүшесінің өкілеттігін тоқтатуға және KazakhExport Жарғысы мен ішкі құжаттарына сәйкес жаңасын тағайындауға құқылы. Басқарма мүшелері қаржы ұйымдарының басшы қызметкерлеріне қойылатын талаптарға сәйкес болуы тиіс.

KazakhExport басқарма басшысы Басқарма Төрағасы болып табылады. Әрбір кандидатты Басқарма мүшесімен сайлау туралы шешім Жарғыға сәйкес қабылданады.

Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес 2018 жылы KazakhExport Басқармасы келесі тұлғалардан құралды:

1. Искаков Руслан Викторович – 2016 жылғы 15 ақпаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Басқарма Төрағасы;
2. Бекхожин Ердан Ерланұлы – 2014 жылғы 2 қазаннан бастап

қазіргі уақытқа дейін Басқарма мүшесі;

3. Жақсыбаев Рауан Өмірбекұлы – 2016 жылғы 11 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін Басқарма мүшесі;

4. Жолдыбеков Қуат Төлегенұлы – 2016 жылғы 17 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Басқарма мүшесі;

5. Калигазин Аслан Ермекұлы – 2018 жылғы 1 қазаннан бастап

қазіргі уақытқа дейін Басқарма мүшесі.

Есепті кезеңнің ішінде KazakhExport атқарушы органы 305 мәселе қаралып, 157 құжат бекітілген 58 күндізгі отырысты өткізді.

2018 жылдың ішінде KazakhExport Басқармасының күндізгі отырыстарына оның мүшелерінің қатысу статистикасы:

№	ТАӘ	Отырыстарға қатысуы	%-бен
1.	Искаков Руслан Викторович	58-ң 46-ы	79
2.	Бекхожин Ердан Ерланұлы	58-ң 48-і	82
3.	Жақсыбаев Рауан Өмірбекұлы	58-ң 49-ы	84
4.	Жолдыбеков Қуат Төлегенұлы	58-ң 55-і	94
5.	Калигазин Аслан Ермекұлы	58-ң 13-і	22

Атқарушы орган

Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі қағидаттары KazakhExport Директорлар Кеңесі бекіткен жыл ішіндегі жұмыс қорытындылары бойынша басшы қызметкерлерге сыйақы беру ережесімен көрсетілген және реттеледі.

Негізгі қағидаттары:

- ◆ KazakhExport және акционердің мүдделеріне жауап беретін міндеттерді орындаумен сыйақының өзара байланысы;
- ◆ сыйақы мөлшерін анықтау қағидаттарының қарапайымдылығы мен ашықтығы;
- ◆ сыйақы мөлшерінің қызмет нәтижелеріне тәуелділігі.

KazakhExport Директорлар Кеңесінің мүшелеріне Тәуелсіз

директорларды қоса алғанда, олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу, шығыстарды өтеу және сыйлықақы төлеу тәртібі, мөлшері және шарттары KazakhExport Жалғыз акционерінің шешімімен белгіленеді.

KazakhExport Жалғыз акционерінің қызметкерлері болып табылатын, мемлекеттік қызметші болып табылатын Директорлар Кеңесінің мүшесіне және Директорлар Кеңесінің Мүшелеріне сыйақы төленбейді.

Сәйкесінше, сыйақы тек қана Директорлар Кеңесінің мүшелеріне – KazakhExport тәуелсіз директорларына төленеді. Директорлар Кеңесінің басқа мүшелеріне Директорлар Кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төленбейді.

KazakhExport «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы Басқармасының 2014 жылғы 04 сәуірдегі шешімімен бекітілген «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ еншілес ұйымдарының тәуелсіз директорларын іріктеу, сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу қағидаларын басшылыққа алады (№ 09/14 хаттама).

Қағидалардың негізгі мақсаты еншілес ұйымдардың директорлар кеңестерінде жұмыс істеу үшін неғұрлым білікті мамандарды тарту және ұстап қалу бөлігінде корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелерін енгізу арқылы «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу болып табылады.

Корпоративтік әдеп

Корпоративтік әдеп KazakhExport корпоративтік мәдениетінің маңызды бөлігі болып табылады. KazakhExport-те корпоративтік мәдениетті жетілдіру жөніндегі жұмыстың осы бағытын дамыту мақсатында іскерлік әдеп кодексі жұмыс істейді.

Іскерлік әдеп кодексінің мақсаты корпоративтік басқару тиімділігін арттыруға және жалпы қабылданған стандарттар мен іскерлік мінез-құлық нормаларын қолдану арқылы қызметкерлермен, клиенттермен, жеткізушілермен, іскер серіктестермен, мүдделі тұлғалармен және уәкілетті мем-

лекеттік органдармен табысты өзара іс-қимыл жасауға жәрдемдесуге бағытталған KazakhExport қатынастарын жетілдіру, жүйелеу және реттеу болып табылады.

Іскерлік әдеп кодексіне сәйкес KazakhExport қызметкерлері Ко-

декстің нормаларын сақтау туралы міндеттеме алады.

KazakhExport Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік әдептің жалпы қабылданған қағидаттарына және KazakhExport ішкі құжаттарына қатаң сәйкестікте әрекет етеді.

Жалғыз акционер, KazakhExport Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері арасындағы қатынастар өзара сенім, құрмет, есеп беру және бақылау негізінде құрылады.

KazakhExport өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының және басқа да нормативтік құқықтық актілерінің KazakhExport ішкі құжаттарына қатысты үстемдігін мой-

ындай отырып және KazakhExport лауазымды тұлғалары мен өзге де қызметкерлерінің жеке қалауы бойынша шешімдер қабылдауға жол бермей жүзеге асырады.

KazakhExport-те Корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Омбудсмен институты бар. Оның функциясына KazakhExport іскерлік әдеп Кодексінің ережелерін сақтамау мәліметтерін жинау, қызметкерлерге, KazakhExport лауазымды тұлғаларына Кодекстің ережелері бойынша кеңес беру, Кодекстің ережелерін бұзу бойынша дауларды қарауға бастамашылық ету және оған қатысу кіреді.

KazakhExport-та 2018 жылы Іскерлік әдеп кодексінің қағидалары

мен нормаларын бұзу фактілері бойынша құпия хабарламаларды жинау үшін «Сенім - жедел желі» (телефон және электрондық пошта мекенжайы) енгізілді.

KazakhExport омбудсмені KazakhExport іскерлік әдеп Кодексінің ережелерін бұзу бойынша дауларды, оның ішінде мүдделер қақтығысы бөлігінде қарауға бастамашылық етеді және оларды реттеуге қатысады.

2018 жылы клиенттер, серіктестер және басқа үшінші тұлғалар тарапынан KazakhExport қызметкерлері мен лауазымды тұлғаларының Қазақстан Республикасы заңнамасының немесе корпоративтік әдеп талаптарын бұзуына шағымдар түскен жоқ.

Ішкі аудит қызметі

KazakhExport-те ішкі аудит жүйесін құрудың мақсаты KazakhExport жалғыз акционерінің мүдделері мен құқықтарын қорғау, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау процестерінің тиімділігін бағалау мен арттыруға жүйеленген және дәйекті көзқарас есебінен стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге жәрдемдесу болып табылады. KazakhExport Ішкі аудит қызметі өз қызметінде Халықаралық ішкі аудиторлар институты қабылдаған ішкі аудиттің қолданыстағы барлық халықаралық кәсіби стандарттарын және ішкі аудиторлардың әдеп кодексін ескереді, ішкі аудит бойынша бекітілген ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

KazakhExport-те ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттарына сәйкес келетін, ішкі аудиттің жалпы танылған тұжырымдамалық моделі әрекет етеді, бұл ретте Ішкі аудит функциялары ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару функцияларынан оқшауланған. Ішкі аудит аудиторлардың объективтілігі мен ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігін қамтамасыз ететін арнайы функционалдық-әкімшілік бағыну және есеп беру режимін-

де болады. Осы есеп беру шеңберінде KazakhExport басқару органдары ішкі бақылау, корпоративтік басқару және тәуекелдерді басқару жүйелері тиімділігінің деңгейі туралы сенімді және өзекті ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

KazakhExport Директорлар кеңесі тәуекелге-бағдарланған Жылдық аудиторлық жоспарды және ІАҚ аудит бағдарламасын, ІАҚ және оның басшысы қызметінің негізгі көрсеткіштерін бекітті.

ІАҚ қызметі туралы есеп тоқсан сайынғы негізде Аудит жөніндегі комитетке және KazakhExport Директорлар кеңесіне беріледі.

ІАҚ-ның 2018 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес 10 аудиторлық тапсырма, оның ішінде ішкі бақылау жүйесінің және тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау қарастырылған және толық көлемде орындалды.

2018 жылы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесі өзектілендірілді. Жүргізілген бағалаудың қорытынды-

сы бойынша ішкі бақылау жүйесі тиімділігінің жалпы балл мөлшері – 67% және тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесінің тиімділігі-74% құрады.

ІАҚ тоқсан сайынғы негізде ІАҚ мен сыртқы аудиторлардың ұсынымдарын орындау мониторингін жүзеге асырады.

Біліктілігін арттыру және жетілдіру мақсатында ІАҚ қызметкерлері тұрақты оқытудан өтеді.

ІАҚ өз функцияларын жүзеге асыру кезінде Директорлар кеңесіне қандай да бір тұлғалардың ықпалынан тәуелсіз екенін растады.

Директорлар кеңесі жыл сайын ІАҚ және оның басшысы жұмысының тиімділігін қызметтің бекітілген негізгі көрсеткіштері негізінде бағалайды. 2018 жылдың қорытындысы бойынша ІАҚ қызметі «тиімді» деп бағаланды.

Корпоративтік хатшы

2018 жыл ішінде KazakhExport корпоративтік хатшысы А.Т. Давлетова бөлімшелер басшылары мен лауазымды тұлғалардың Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің тапсырмаларын уақтылы орындауын қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізді. Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің өткізілген отырыстарының қорытындылары бойынша Хаттамаға қол қойылған күннен бастап бір-екі жұмыс күні ішінде бөлімшелерге хаттамадан/шешімдерден үзінді көшірмелер ұсынылды.

Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамаларына қол қою мерзімдерін бұзу жағдайлары орын алған жоқ, хаттамалар оны өткізгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жасалды және қол қойылды.

2018 жыл ішінде Директорлар кеңесінің, Корпоративтік хатшының жұмысы туралы есептерді дайындау және шығару мерзімдерін бұзу жағдайлары орын алған жоқ, есептер KazakhExport Директорлар кеңесі туралы ере-

женің талаптарына сәйкес Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі бірінші айдың соңына дейін шығарылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасының және KazakhExport ішкі құжаттарының талаптары шеңберінде KazakhExport туралы, корпоративтік оқиғалар және өзге де ақпарат туралы ақпараттың уақтылы ашылуы қамтамасыз етілді.

2018 жылдың ішінде қаржылық есептілік депозитарийінің және KazakhExport интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты орналастыру жүзеге асырылды, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту және директорлар кеңесінің сандық құрамын белгілеу туралы хат-барлама-хат жолданды.

2018 жылы ақпаратты ашу жөніндегі уәкілетті орган тарапынан ескертулер немесе қандай да бір санкциялар болған жоқ.

«KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 18 мамырдағы шешімімен бекітілген «KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдер турады «KazakhExport» ЭСК» АҚ Жалғыз акционеріне Ақпаратты ашу ережелерінің 4-тармағына сәйкес 2018 жылдың ішінде хаттар уақтылы жіберіліп тұрды (хаттамаға қол қойғаннан кейінгі төрт жұмыс күннің ішінде).

2018 жылдың ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасына мониторинг жүргізілді және KazakhExport Директорлар Кеңесінің мүшелеріне таратып жөнелту түрінде Қазақстан Республикасының кейбір заңнама актілеріне енгізілген өзгертулер мен толықтырулар туралы ақпарат жіберілді.

2018 жылдың ішінде KazakhExport корпоративтік хатшысы А.Т. Давлетова Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қарауына шығарылатын мәселелер бойынша бөлімшелерге кеңес берді.

Сыртқы аудит

2018 жылы қаржылық есептіліктің сыртқы аудиті бойынша жұмысты 2015-2018 жылдар аралығындағы кезеңге шарт жасалған «КПМГ-Аудит» ЖШС жүргізді.

Сыртқы аудитті ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі саясатқа сәйкес сыртқы аудитор әрбір бес жыл сайын жоба бойынша әріптесті ротациялау принципін ұстануға тиіс.

Егер алдыңғы жылы сыртқы аудитті жүзеге асырған сыртқы аудитор таңдап алынса, мұндай сыртқы аудитор жоба бойынша серіктестің сабақтастық жоспарын дайындайды, ол KazakhExport Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің қарауына ұсынылады. Алдыңғы аудитордан басқа сыртқы

аудиторды таңдаған жағдайда, жоба бойынша серіктестің сабақтастық жоспарын дайындау талап етілмейді.

Әдеп кодексіне сәйкес аудиторлық емес қызметтер қаржылық есептілік аудитімен байланысты емес бірқатар қызметтер көрсету сыртқы аудитордың тәуелсіздігіне әсер ететін мүдделер шиеленісінің туындауына әкеп соғуы мүмкін.

Қаржылық есептілік аудитін жүзеге асыратын сыртқы аудитордың пайымдауының тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында салықтар бойынша аудит, арнайы мақсаттағы аудит осы аудитордың бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау жөнін-

дегі қызметтерін сатып алуына және/немесе алуына тыйым салынады.

KazakhExport қызметтерін алу кезінде сыртқы аудитор үшін Тәуелсіздік қатерінің туындауын анықтау үшін ҚР заңнамасын және KazakhExport ІНҚ-ны, оның ішінде сыртқы аудитті ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі саясатты басшылыққа алады.




Гиза ұлы пирамидасы

Хеопс (Хуфу) пирамидасы – осы күнге дейін сақталып қалған «әлемнің жеті кереметінің» ішіндегі жалғыз және солардың ішіндегі ең көнесі, Көне Мысырдың сәулет өнерінің ескерткіші.

08

Хеопс пирамидасы – Гиза үстіртінде салынған пирамидалардың ішіндегі ең ірісі. Оның негізі 12–14 м биіктіктегі табиғи жартасты үстіртте қаланған. Пирамиданың бастапқы биіктігі – 146,7 метр, бірақ кейін бас жағы жоғалып, қазіргі уақытта биіктігі – 137,3 метрді құрайды. 1880 жылға дейін пирамида әлемдегі ең биік құрылыс деп саналған.

Тәуекелдерді басқару





• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі • Басқарма Төрағасының үндеуі • 1. KazakhExport туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • **8. Тәуекелдерді басқару** • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

Тәуекелдерді басқару жүйесі

Тәуекелдерді басқару жүйесі KazakhExport қызметінің ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады және барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіруге, бағалауға және мониторинг жүргізуге, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық пен беделге теріс әсер етуі мүмкін олардың деңгейін төмендету бойынша шаралар қабылдауға бағытталған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына және корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне сәйкес тәуекелдер бойынша тұрақты есептілік енгізілді, онда KazakhExport басқармасы мен Директорлар кеңесі тәуекелдер картасын, тәуекелдер бойынша есептерді қоса алғанда, тәуекелдер бойынша жағдайлар туралы мерзімді негізде ақпарат алады. Қажеттілігіне қарай басқарма мен Директорлар кеңесіне тәуекелдердегі елеулі өзгерістер туралы деректер ұсынылады.

KazakhExport Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тәуекелдер бойынша есептілікті тұрақты негізде ұсынады.

KazakhExport ішкі бақылау жүйесі туралы Ереже әзірленді және бекітілді. Ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру KazakhExport тәуекелдерге тез жауап бере алатын, негізгі және қосалқы бизнес-үдерістерге және KazakhExport күнделікті операцияларына бақылау жасай алатын басқару жүйесін құруды көздейді.

2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша есепті кезеңде KazakhExport тәуекелдерді басқару департаменті құрылымдық бөлімшелермен бірге KazakhExport тәуекелдерін кешенді сәйкестендіру және бағалау жүргізді. Осы жұмыстың қорытындысы бойынша тәуекелдер регистрі, бизнес-үдерістер, тәуекелдер мен бақылаулар матрицасы әзірленіп, бекітілді, іс-шараларды орындау мерзімдері мен жауапты тұлғаларды бекіте отырып, тәуекелдер картасы мен жоғары және сыни тәуекелдерді басқару

бойынша іс-шаралар жоспары жасалды.

KazakhExport Тәуекелдер тіркелімі бойынша 2018 жылдың соңына қарай 49 тәуекел сәйкестендірілді, олардың ішіндегі 1 тәуекел шектік аймақта тұрса, 38-ң басымдылығы жоғары, 10-ы – басымдылығы бойынша үшінші орында тұр.





• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі • Басқарма Төрағасының үндеуі • 1. KazakhExport туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • **8. Тәуекелдерді басқару** • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

Басты тәуекелдер және оларды басқару бойынша іс-шаралар

тәуекелдер	іс-шаралар
Қаржылық экономикалық негіздеу (ҚЭН) бойынша жоспарды орындамау тәуекелі	Экспортты жүзеге асыратын отандық кәсіпорындардың деректер базасын кеңейту. Клиенттермен, шетелдік банктермен, әлеуетті шетелдік серіктестермен кездесулер. Тұрақты негізінде белсенді PR-шаралар. Негізгі қызмет бойынша ішкі бизнес-процестерді оңтайландыру (тұрақты негізде).
Қабылданатын міндеттемелер көлемі бойынша жоспарлы көрсеткіштердің орындалмау тәуекелі	Экспортты жүзеге асыратын отандық кәсіпорындардың деректер базасын кеңейту. Тұрақты негізде сақтандыру бойынша келіп түскен сұрау салуларға жылдам әрекет ету.
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ертерек ден қою шараларын, шектеулі ықпал ету шараларын (комплаенс-тәуекел) немесе санкцияларды қолдану тәуекелі	Қолданыстағы заңнама нормаларының сақталуына, оның ішінде сақтандыру қызметін реттейтін тиісті ішкі бақылауды жүзеге асыру (тұрақты негізде).
Валюталық тәуекел	Валюталық позицияларды тұрақты бақылау. Стресс-тестілеу/ валюта бағамдарының өзгеру сезімталдығын жүргізу, тоқсан сайын. Ай сайынғы негізде валюталық позицияға лимиттерді сақтау мониторингі.
Кредиттік тәуекел-дефолтқа байланысты екінші деңгейдегі банктерде орналастырылған ақша қаражатын жоғалту тәуекелі	KazakhExport контрагенттері – қаржы ұйымдарының қаржылық жағдайын бақылау және мониторингілеу (тоқсан сайынғы негізде). Қаражатты KazakhExport қаржы активтері мен пассивтерді басқару жөніндегі регламенттің талаптарына сәйкес келетін екінші деңгейдегі банктерде ғана орналастыру (тұрақты негізде). KazakhExport уақытша еркін өтімділікті бөлу лимиттері мен процесінің мониторингі (ай сайынғы негізде). Уақытша бос ақша қаражатының есептілік мониторингі (ай сайынғы негізде).
Бағалы қағаздар қоржынының құнсыздану тәуекелі	Эмитенттердің қаржылық жай-күйінің тұрақты мониторингі. Қазынашылық қоржынды тиімді басқару. Активтер мен пассивтерді басқару жөніндегі кеңестің бақылауы.



• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі • Басқарма Төрағасының үндеуі • 1. KazakhExport туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • **8. Тәуекелдерді басқару** • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін жетілдіру бойынша жүргізілген іс-шаралар тізбесі

- ◆ сақтандыру сыныптары (түрлері) бөлінісінде жекелеген сақтандыру/қайта сақтандыру шарттары бойынша (оның ішінде сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарының жиынтығы) жауапкершілік (сақтандыру сомалары) лимиттері бекітілді және қолданылады;
- ◆ Төтенше жағдайлар жағдайына және KazakhExport қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары бекітілді;
- ◆ KazakhExport тәуекелдерді басқару саясаты бекітілді және әрекет етеді.






Woolworth Building

F. W. Woolworth Company бөлшек
желісінің штаб-пәтері ретінде
1910-1913 жылдарда тұрғызылған
Нью-Йорктегі зәулім үй.

09

1913–1930 жылдардағы әлемдегі ең биік ғимарат. Тұрғызылғаннан кейін жүз жылдан кейін де баяғыдай АҚШ-ң он бес ең биік зәулім үй тізіміне кіреді. 1972 жылы бұл зәулім үй ұлттық тарихи көрнекті орын деп жарияланды.

Кадр саясаты





• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі • Басқарма Төрағасының үндеуі • 1. KazakhExport туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. **Кадр саясаты** • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

Адами капитал – бұл KazakhExport алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін аса маңызды негізгі стратегиялық ресурс. KazakhExport адами капиталды басқару саясаты келесі стратегиялық бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- ◆ персоналды іріктеу мен бағалаудың ашық және ашық жүйесін қалыптастыру;
- ◆ еңбек тиімділігін арттыру;
- ◆ қызметкерлерді тұрақты оқыту мен дамытуды қамтамасыз ету;
- ◆ корпоративтік мәдениетті дамыту.

KazakhExport-те адам капиталын нығайту және дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде, қызметкерлердің мансаптық өсуі мен

алға жылжуы, оқуы, сондай-ақ материалдық және моральдық әл-ауқаты үшін қолайлы жағдайлар жасалуда.

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қызметкерлер саны 65 штаттық бірлікті құрады (2017 жылы – 51 бірлік). 2018 жылғы 27 шілдеде Директорлар кеңесі саны қосымша 14 бірлікке ұлғайтылған жаңа ұйымдық құрылымды бекітті.

Санның ұлғаюы іске асырылатын қолдау шараларымен экспорттық-бағдарланған кәсіпкерлік субъектілерін қамтуды ұлғайту, өңірлік өнімдерді шетелдік нарықтарға жылжыту, қолданыстағы бизнес-процестерді жетілдіру мақсатында бастамашылық етілді.

KazakhExport даму стратегиясына сәйкес басым және жоғары мүдделі елдерде (8 елде) 14 шетелдік өкілдікті ашу көзделген. Оның

ішінде 2018 жылы 4 штаттық бірлік бөлінді.

Пайыздық қатынаста фронт-кеңсе қызметкерлерінің үлесі 40%-ды, мидл-кеңсе қызметкерлерінің үлесі – 34%, бэк-кеңсе қызметкерлерінің үлесі – 12% құрайды.

KazakhExport қызметкерлерінің орташа жасы 35 жылды құрайды. Санаттар бойынша басшылық құрам қызметкерлерінің үлесі 29,5% – ды, жетекші емес құрам қызметкерлерінің үлесі 70,5%-ды құрайды. Гендер бойынша басшылар арасында әйелдердің үлесі 44,4% құрайды. Қызметкерлердің жалпы санының ішінде әйелдердің үлесі 36% – ды, ерлердің үлесі 64% – ды құрайды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша кадрлардың тұрақтамау коэффициенті 6% құрады.

Қызметкерлерді іріктеп алу және бейімдеу

KazakhExport-те бос лауазымдарға үміткерлерді конкурстық негізде ашық және ашық іріктеу жүзеге асырылуда. Қызметкерлерді іріктеу жүйесі жұмысқа орналастыру және кандидаттардың құқықтарын шектеуге

жол бермеу кезінде кандидаттарға тең көзқарасқа негізделген. Кадрларды іріктеу үміткердің кәсіби және жеке құзыреттерін бағалау негізінде жүргізіледі.

Жаңа қызметкерлерді өндірістік ортаға тиімді кіріктіру бойынша қолдау көрсету үшін жаңа қызметкерлерді бейімдеу жүйесі жұмыс істейді.

Қызметкерлерді оқыту және дамыту

KazakhExport-те қазіргі заманғы технологияларды енгізумен қызметкерлерді сыртқы және ішкі оқыту жүйесі жұмыс істейді. Электрондық кітапханаға мобильді қосымша арқылы қол жеткізу қамтамасыз етілді, Тілдік курстар ұйымдастырылды. KazakhExport

барлық қызметкерлері қызмет саласы бойынша оқудан өтті.

2018 жылы KazakhExport-та «KazakhExport» ЭСК» АҚ өнімдеріне серіктестер мен екінші деңгейдегі банктердің қамтуын арттыру үшін бизнес-бапкер бірлігі құрылды, «KazakhExport» ЭСК»

АҚ өнімдеріне «ДАМУ» КДҚ» АҚ, «Атамекен» ҰҚП, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ барлық 17 өңірлік бөлімшелерінде KazakhExport қызметі және қолдау шаралары бойынша оқыту семинарлары жүргізілді.

Қызметкерлердің қызметінің тиімділігін бағалау

KazakhExport-те қызметтің негізгі көрсеткіштері (бұдан әрі – ҚНҚ) негізінде қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау жүйесі жұмыс істейді, бұл қызметкерлер қызметінің нәтижелеріне сыйақы-

ны байланыстыруды қамтамасыз етеді.

ПӘК тиімділігі жоғары қызметкерлердің нәтижелеріне қол жеткізуге ынталандыруға және керісінше,

даму үшін салалары бар қызметкерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

Еңбекақы төлеу және қызметкерлерді ынталандыру

KazakhExport-те еңбекке әділ сыйақы беруді қамтамасыз ету мақсатында 2017 жылдан бастап «Нау Group» халықаралық консалтинг компаниясының сыртқы консультанттарымен бірлесіп әзірлен-

ген грейдирлеу жүйесі енгізілді. Грейдирлеу жүйесі еңбекке ақы төлеудің нарықтық деңгейін бағалауды ескере отырып, қызметкерлер жалақысының бәсекеге қабілетті деңгейін қамтамасыз ету

үшін стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуде әрбір лауазымның құндылығын өлшеуді және айқындауды көздейді.

Әлеуметтік қамсыздандыру

Әлеуметтік қолдау жұмыс беруші ретінде KazakhExport тартымдылығын арттыруға, қызметкерлер үшін қолайлы жағдай жасауға және олардың уәждемесін арттыруға бағытталған. Қыз-

меткерлерді әлеуметтік қамсыздандырудың негізгі бағыттары қызметкерлерге мынадай әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуды көздейді: қызметкерлерді және қызметкерлердің отбасы

мүшелерін материалдық көмек көрсету және ерікті медициналық сақтандыру (науқастану жағдайына сақтандыру).

Кадрлық резерв және мирасқорлық

KazakhExport - та кадрлық резерв саласындағы саясат «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ (бұдан әрі-БҚР) Бірыңғай кадрлық резерві шеңберінде қалыптастырылады.

Жыл сайын ең перспективалы және тиімді KazakhExport қызметкерлері кадрлық резервке кіру үшін іріктеу турларына қатысады.

2018 жылы БҚР-ке KazakhExport-ң 7 қызметкері кіргізілді, оның ішінде 1 – 2018 жылы бөлімше директоры лауазымынан Басқарушы директор лауазымына жоғарылатылды.

Еңбекті қорғау

KazakhExport-те «KazakhExport» ЭСК» АҚ қызметкерлері үшін еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі Нұсқаулық»

әрекет етеді. Нұсқаулыққа сәйкес KazakhExport-да қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша нұсқаулықтар тұрақты түрде жүргізіледі.

2018 жылы Нұсқаулық бұзушылық жағдайлары орын алған жоқ, оқиғалар тіркелген жоқ.



Ұлы Қытай Қорғаны

Әлемдегі сәулеттің аса ірі әрі көне ескерткіштердің бірі, жаңа әлемнің жеті кереметінің бірі, ЮНЕСКО бүкіләлемдік мұрасының нысанның бір бөлігі болып табылады.

10

• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі • Басқарма Төрағасының үндеуі • 1. KazakhExport туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр саясаты • **10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат** • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

Әлеуметтік жауапкершілік – бұл KazakhExport компаниясының Корпоративтік мүшесі ретіндегі жауапкершілігі және әлеуметтік және экономикалық саланы қоса алғанда, KazakhExport қызметінің барлық салаларына жатады. KazakhExport барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеретін және тұрақты дамуына ықпал ететін шаруашылық қызметті жүзеге асыруға өзінің ұмтылысын растайды.

KazakhExport корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру жолымен өз алдына келесі мақсаттарды қояды:

- ◆ елдің экономикалық дамуының жоғары деңгейін қолдауға үлес қосу;

- ◆ KazakhExport әлеуметтік өрлеуіне жағдай жасау;
- ◆ ұйымшыл, әлеуметтік қорғалған, шығармашылық және экономикалық тұрғыдан дәлелденген ұжым құру;
- ◆ еңбек және демалыс жағдайын жақсарту, үздік әлемдік стандарттарға сәйкес қызметкерлердің еңбек қауіпсіздігін арттыру;
- ◆ заманауи жоғары тиімді және әлеуметтік жауапты KazakhExport мәртебесіне қол жеткізу және қолдау.

Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат

Демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек көрсету қағидаттары:

- ◆ демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек көрсетудің объективті қажеттілігінің (мақсаттылығының) болуы;
- ◆ шешім қабылдау кезіндегі ашықтық және жауапкершілік;
- ◆ демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек көрсету бойынша іс-шаралардың практикалық тиімділігі;
- ◆ демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек көрсету үшін жылдық бюджетте қаражаттың болуы;
- ◆ демеушілік және/немесе қайырымдылық көмек көрсету бойынша қаражат шеңберінде бөлінген қаражаттың мақсатты жұмсалуын бақылау;
- ◆ KazakhExport имиджін көтеруге оң әсер ету.

Демеушілік көмек көрсетудің негізгі бағыттары:

- ◆ KazakhExport атқарушы органының шешімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының, KazakhExport басқару органының тапсырмасы бойынша іс-шаралар;
- ◆ табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларға байланысты іс-шаралар;
- ◆ әлеуметтік жобалар;
- ◆ Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Үкіметі мүшелерінің, басқару органы мен KazakhExport атқарушы органы мүшелерінің қатысуымен халықаралық конференциялар, форумдар.

Қайырымдылық көмек көрсетудің негізгі бағыттары мүгедектерді, балалар үйлерін, әлеуметтік саланың өзге де коммерциялық емес ұйымдарын қолдау болып табылады.

Қайырымдылық және демеушілік



Меркурий Тауэр

Мәскеудің «Москва-Сити»
халықаралық іскерлік
орталығының құрамына кіретін
көп функционалды кешені

12

Мұнараның биіктігі 306 метрді (жер үстіндегі
75 қабат және 5 қабатты жер асты көлік
тұрақ) құрайды, жалпы ауданы – 173 960 м².
Ғимаратта 2 тәуелсіз темір-бетон қаңқа
қарастырылған, «Меркурий» кешені күші
6 баллға дейін болатын жер сілкінісіне
шыдайтындай жасалған.

Қаржылық есептілік

Қаржылық есептілік

KazakhExport-ң толық қаржылық есебімен, оған қоса аудитордың қорытындысымен төмендегі корпоративтік сайтта танысуға болады:

https://kz.keg.kz/rubric/o_nas/otchetnost/finansovaya_otchetnost

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп

	2018 ж. мың теңге	2017 ж. мың теңге
АКТИВТЕР		
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	26,871,413	27,045,334
Банктердегі депозиттер	11,099,359	8,436,945
Инвестициялық бағалы қағаздар:		
- басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын	7,435,977	-
- пайда немесе зиян арқылы әділ құн бойынша бағаланатын	1,511,226	-
Сату үшін қолда бар қаржы активтері	-	8,576,549
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	1,014,713	956,700
Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылардың үлесі	509,093	834,419
Негізгі құралдар	71,662	46,593
Ағымдағы салық активі	92,632	216,116
Кейінге қалдырылған салық активтері	24,455	6,361
Басқа активтер	15,726	44,540
Активтердің барлығы	48,646,256	46,163,557
МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Сақтандыру шарттары бойынша резервтер	4,885,796	3,406,628
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	36,764	154,984
«Самұрық-Қазына» АҚ-нан алынған қарыз	212,512	276,573
Басқа міндеттемелер	201,514	137,210
Міндеттемелердің барлығы	5,336,586	3,975,395
МЕНШІКТІ КАПИТАЛ		
Акционерлік капитал	37,100,000	37,100,000
«Самұрық-Қазына» АҚ-нан нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлеме бойынша алынған қарыз бойынша қосымша төленген капитал	732,819	732,819
Тұрақтандыру резерві	7,904	62,114
Күтілмеген тәуекелдер резерві	510,942	-
Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгерулер резерві	(1,267,664)	(1,849,217)
Бөлінбеген пайда	6,225,669	6,142,446
Меншікті капиталдың барлығы	43,309,670	42,188,162
Міндеттемелердің және меншікті капиталдың барлығы	48,646,256	46,163,557

Пайда және зиян туралы есеп

	2018 ж. мың теңге	2017 ж. мың теңге
Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, брутто	2,679,063	1,905,462
Қайта сақтандырушы берген есептелген сақтандыру сыйлықақылары	(562,370)	(571,988)
Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, нетто	2,116,693	1,333,474
Өтелмеген сыйлықақылар бойынша резервтегі өзгерістер, брутто	(707,365)	(904,701)
Өтелмеген сыйлықақылар бойынша резервтің өзгерісіндегі қайта сақтандырушылардың үлесі, брутто	(366,915)	219,335
Өтелмеген сақтандыру сыйлықақылары, нетто	1,042,413	648,108
Төленген талаптар	(55,817)	(1,382,188)
Кері талап қою бойынша өтемақы	450	1,242,081
Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі өзгерістер, брутто	(771,803)	(175,806)
Сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылар үлесіндегі өзгеріс	41,589	83,852
Төленген талаптар, нетто	(785,581)	(232,061)
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып есептелген пайыздық кірістер	2,896,843	2,856,172
Басқа пайыздық кірістер	102,896	133,914
Пайыздық кірістер	(29,185)	(33,370)
Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен түскен таза кіріс	61,006	-
Шетел валютасымен жасалған операциялардан түскен таза пайда	612,379	65,109
Таза комиссиялық кірістер/(шығыстар)	2,135	(408)
Жалпы әкімшілік шығыстар	(1,162,595)	(891,030)
Борышкерлік қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залал	(691,790)	-
Басқа операциялық кіріс, нетто	4,207	16,373
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда	2,052,728	2,562,807
Табыс салығы бойынша шығыс	(467,176)	(431,511)
Бір жыл ішіндегі пайда	1,585,552	2,131,296
Табыс салығы шегерілген басқа жиынтық кіріс		
Пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:		
Әділ құнның өзгерістер резерві (сату үшін қолда бар қаржы активтері):		
- Әділ құнның таза өзгерісі	239,197	234,699
- Әділ құнның пайданың немесе зиянның құрамына ауыстырылған таза өзгерісі	(1,435)	-
Табыс салығы шегерілген бір жыл ішіндегі басқа жиынтық кіріс	237,762	234,699
Бір жыл ішіндегі таза жиынтық кіріс	1,823,314	2,365,995

Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп

	2018 ж. мың теңге	2017 ж. мың теңге
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Табыс салығын шегергенге дейінгі пайда	2,052,728	2,562,807
Түзетулер:		
Қайта сақтандырушының үлесі шегерілген резервтердегі өзгерістер	1,804,494	777,320
Дисконт пен сыйлықақылар амортизациясы	66,729	62,733
Тозу және амортизация	15,681	11,779
«Самұрық-Қазына» АҚ алынған қарыз бойынша пайыздық шығыс	29,185	33,370
Борышкерлік қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығындар	691,790	-
Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе зиянның құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының өзгеруінен түскен таза кіріс	(61,006)	-
Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдаланып есептелген пайыздық кірістер	(2,896,843)	(2,856,172)
Басқа пайыздық кірістер	(102,896)	(133,914)
Өткізілмеген бағамдық айырма	(601,197)	65,109
Операциялық активтер мен міндеттемелердің өзгерістеріне дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының ағыны	998,665	686,269
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаяуы		
Банктердегі депозиттер	(2,568,687)	(4,013,453)
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек	(59,298)	(211,142)
Басқа активтер	26,771	(32,451)
Операциялық міндеттемелердің (ұлғаюы)/азаяуы		
Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиторлық берешек	(118,220)	133,566
Басқа міндеттемелер	63,186	68,519
Алынған сыйақыға және табыс салығын төлегенге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарын таза пайдалану	(1,657,583)	(3,531,929)
Төленген табыс салығы	(367,057)	(394,332)
Алынған сыйақы	2,513,306	2,643,031
Төленген сыйақы	(786)	(925)
Операциялық қызметтен/қызметте ақша қаражаттарының түсімі/ (пайдаланылуы)	487,880	(1,284,155)
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Негізгі құралдарды және материалдық емес активтерді сатып алу	(31,183)	(39,590)
Инвестициялық қызметте пайдаланылған ақша қаражаттарының ағындары	(31,183)	(39,590)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ		
Акцияларды шығару	-	13,900,000
«Самұрық-Қазына» АҚ алынған қарызды өтеу	(92,460)	(92,460)
Төленген дивидендтер	(639,389)	(32,956)
Қаржылық (қызметте қолданылған)/қызметтен түскен ақша қаражаттарының ағындары	(731,849)	13,774,584
Ақша қаражаттарының және олардың баламаларының таза (азаяуы)/ұлғаюы	(275,152)	12,450,839
Валюта бағамдарының өзгерістерінің ақша қаражаттарының және олардың баламаларының мөлшеріне әсері	101,231	(43,062)
Жыл басындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары және олардың баламалары	27,045,334	14,637,557
Жыл соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаттары және олардың баламалары	26,871,413	27,045,334

Капиталдағы өзгерістер туралы есеп

• 2018 жылдың негізгі оқиғалары • Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы • Басқарма Төрағасының жолдауы • 1. KazakhExport туралы • 2. Даму стратегиясы • 3. Қызметтің операциялық нәтижелері • 4. Қызметтің қаржылық нәтижелері • 5. Сатып алулар практикасы • 6. 2019 жылға арналған негізгі мақсаттар және міндеттер • 7. Корпоративтік басқару • 8. Тәуекелдерді басқару • 9. Кадр саясаты • 10. Әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясат • 11. Қайырымдылық және демеушілік • 12. Қаржылық есептілік •

мың теңге	«Самұрық-Қазына» АҚ-нан нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшер-алынған қарыз бойынша қо-сымша төленген капитал	Тұрақтандыру резерві	Күтілме-ген тәу-екелдер резерві	Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгерістері резерві	Бөлінбеген пайда	Меншікті капиталдың барлығы
2017 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	23,200,000	24,450	226,361	(2,083,916)	3,855,409	25,955,123
Жалпы жиынтық кіріс						
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	2,131,296	2,131,296
Басқа жиынтық кіріс						
Пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:						
Әділ құнның таза өзгерісі	-	-	-	234,699	-	234,699
Басқа жиынтық кірістің барлығы	-	-	-	234,699	-	234,699
Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	-	-	234,699	2,131,296	2,365,995
Меншікті капиталдың құрамында тікелей көрсетілген меншік иелерімен жасалған операциялар						
Акцияларды шығару	13,900,000	-	-	-	-	13,900,000
Төленген дивидендтер	-	-	-	-	(32,956)	(32,956)
Күтілмеген тәуекелдер резервіне ауыстыру	-	-	(226,361)	-	226,361	-
Тұрақтандыру резервінен ауыстыру	-	37,664	-	-	(37,664)	-
Меншік иелерімен жасалған операциялардың барлығы	13,900,000	37,664	(226,361)	-	155,741	13,867,044
2017 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық	37,100,000	62,114	-	(1,849,217)	6,142,446	42,188,162

мың теңге	«Самурық-Қазына» АҚ-нан нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшер-алынған қарыз бойынша қосымша төленген капитал	Турақтандыру резерві	Күтілмеген тәуекелдер резерві	Бағалы қағаздардың әділ құнының өзгерістер резерві	Бөлінбеген пайда	Меншікті капиталдың барлығы
2018 жылғы 1 қаңтардағы қалдық	37,100,000	62,114	-	(1,849,217)	6,142,446	42,188,162
2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ХҚЕС (IFRS) 9 көшуден болған әсер	-	-	-	343,791	(406,208)	(62,417)
2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қайта есептелген қалдық	37,100,000	62,114	-	(1,505,426)	5,736,238	42,125,745
Жалпы жиынтық кіріс	-	-	-	-	1,585,552	1,585,552
Бір жыл ішіндегі пайда	-	-	-	-	-	-
Басқа жиынтық кіріс	-	-	-	237,762	-	237,762
Пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктелген немесе кейіннен қайта жіктелуі мүмкін баптар:	-	-	-	237,762	-	237,762
Әділ құнның таза өзгерісі	-	-	-	237,762	-	237,762
Басқа жиынтық кірістің барлығы	-	-	-	237,762	-	237,762
Бір жыл ішіндегі жалпы жиынтық кіріс	-	-	-	237,762	1,585,552	1,823,314
Тікелей меншікті капиталдың құрамында көрсетілген меншік иелерімен жасалған операциялар	-	-	-	-	-	-
Төленген дивидендтер	-	-	-	-	(639,389)	(639,389)
Күтілмеген тәуекелдер резервіне ауыстыру	-	-	510,942	-	(510,942)	-
Турақтандыру резервінен ауыстыру	-	(54,210)	-	-	54,210	-
Меншік иелерімен жасалған операциялардың барлығы	-	(54,210)	510,942	-	(1,096,121)	(639,389)
2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қалдық	37,100,000	7,904	510,942	(1,267,664)	6,225,669	43,309,670

Байланыс ақпараты

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.,
Мәңгілік Ел даңғылы, 55 А үй, Б-блок.

Call-center: +7 (7172) 95 56 56

Ішкі нөмір: 197, 120, 138, 133, 104, 117, 200 (Алматы)

E-mail: info@keg.kz, export@keg.kz